ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 28 желтоқсан №521 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Кредиттер бойынша, сондай-ақ технологиялық жабдық және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 9-1/633 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11876 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 12 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13097 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде №16230 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 12 желтоқсан №490 Астана қаласы

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 болып тіркелген, 2017 жылғы 23 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінің № 38 (29019) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Субсидиялауға жататын бағыттар:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға:

ірі қара малдың, қойлардың, ешкілердің, маралдардың (бұғылардың) аналық басымен, сондай-ақ балаларының ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізуге жұмсалған шығындарды арзандату;

отандық және шетелдік шаруашылықтардан асыл тұқымды ірі қара мал, қой, ешкі, жылқы, шошқа, түйе, марал (бұғы) төлін сатып алуға жұмсалған шығындарды арзандату;

отандық және шетелдік шаруашылықтардан ет және жұмыртқа бағытындағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алуға жұмсалған шығындарды арзандату;

жеке және заңды тұлғалардың табынның өсімін молайтуға пайдаланылатын етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағуға жұмсалған шығындарын арзандату;

асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтардың жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың және қойдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге жұмсалған шығындарын 100 %-ға дейін өтеу.

асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтардың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басын сақтау және қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдық сатып алуға жұмсалған шығындарын 50 %-ға дейін өтеу;

2) мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруға:

бұқашықтарды бордақылау, қозы етін, шошқа етін, жылқы етін, түйе етін, құс етін (бройлер тауығының етін, күрке тауықтың етін, суда жүзетін құс етін), тағамдық жұмыртқа (тауық және бөдене жұмыртқасы), сүт (сиыр, бие, түйе, ешкі сүті), биязы жүн және жартылай биязы жүн өндіру күнын арзандату;

құрамажем зауыттары өндірген және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне өткізілген құрамажем құнын арзандату;

ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату;

ірі қара малды союмен және етін бастапқы қайта өңдеумен айналысатын ет комбинаттарының сиыр етінің құнын арзандату.»;

6-тармақтың 7) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тауар өндірушілер ауыл шаруашылығы кооперативтерін, сондай-ақ, ірі қара малды союмен және етін бастапқы қайта өңдеумен айналысатын ет комбинаттарын қоспағанда, басқа жеке және заңды тұлғалардан одан әрі қайта сату және (немесе) қайта өңдеу үшін сатып алған мал шаруашылығы өнімі;

8) тауар өндірушілер айырбас бойынша, өзара есеп айырысу шотына өткізген немесе ірі қара малды союмен және етін бастапқы қайта өңдеумен айналысатын ет комбинаттары сатып алатын бұрын субсидияланған мал шаруашылығы өнімін қоспағанда, бұрын субсидияланған мал шаруашылығы өнімі;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Субсидиялар тауар өндірушілерге, өзге де жеке және заңды тұлғаларға бағыттардың мынадай басымдықтарына сәйкес төленеді:

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға:

ірі қара малдың және қойдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу;

асыл тұқымды ірі қара мал және қой сатып алу;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытудың қалған бағыттары;

мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға:

ауыл шаруашылығы кооперативінің бұқашықтарды бордақылауы және сүт өндіруі;

сүт (сиыр, бие, түйе, ешкі сүті) өндірісінің құнын арзандату;

құс ұсті өндірісінің құнын арзандату;

бұқашықтарды бордақылау құнын арзандату;

қозы ұсті өндірісінің құнын арзандату;

құрамажем құнын арзандату;

биязы және жартылай биязы жүн өндірісінің құнын арзандату;

шошқа ұсті өндірісінің құнын арзандату;

жылқы ұсті өндірісінің құнын арзандату;

түйе ұсті өндірісінің құнын арзандату;

тағамдық жұмыртқа (тауық және бөдене жұмыртқасы) өндірісінің құнын арзандату;

ірі қара малды союмен және етін бастапқы қайта өңдеумен айналысатын ет комбинаттарымен алынатын сиыр етінің құнын арзандату.

Бір немесе бірнеше бағыт бойынша қаражат қалып қойған жағдайда, субсидиялар субсидиялау бағыттарының басымдығына сәйкес қайта бөлінеді.

9-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) ірі қара малды союмен және етін бастапқы қайта өңдеумен айналысатын ет комбинаттарында алынған сиыр етінің бір килограмы үшін төленеді.»;

14, 15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағыты бойынша тауар өндірушілер тиісті негіздердің туындауына қарай, осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша:

1) қағаз түрінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;

2) электрондық түрде «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы субсидиялар алуға арналған өтінімдер жолдайды.

Тауар өндірушілер негіздер туындаған сәттен бастап (тауар өндіруші осы Қағидалардың өлшемшарттары мен талаптарына сәйкес келген сәттен бастап) он екі айдан аспаған өтінімдерді береді.

Мемлекеттік корпорация бір жұмыс күні ішінде өтінімді Бөлімге жолдайды.

Тауар өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық өтінім автоматты түрде Бөлімге өңдеу үшін жолданады.

15. Бөлім өтінім түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 16-тармағының 2 абзацында көрсетілмеген бағыттар бойынша өтінімді толтырылған деректердің толықтығына тексереді және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша АТЖ және АЖБ деректеріне салыстырып-тексеруді жүзеге асырады.

Өтінімді толықтай толтырмау немесе АТЖ және АЖБ деректерін салыстырып-тексеру нәтижелері бойынша сәйкес келмеу анықталған жағдайда, Бөлім осы Қағидаларға 5-1-қосымшаның нысанына сәйкес, ескертулерді жою үшін екі күндік мерзімді көрсете отырып, өтінімді пысықтау қажеттігі туралы хабарламаны қағаз түрінде Мемлекеттік корпорацияға немесе электрондық түрде портал арқылы жолдайды.

Хабарламада көрсетілген мерзімде пысықтаған өтінім қағаз түрінде Мемлекеттік корпорацияға немесе электрондық түрде порталға беріледі.

Мемлекеттік корпорация бір жұмыс күні ішінде өтінімді Бөлімге жолдайды.

Тауар өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық өтінім автоматты түрде Бөлімге өңдеу үшін жолданады.

Ескертулерді хабарламада көрсетілген мерзімде пысықтамағанда, Мемлекеттік корпорация өтінімді қабылдамайды, сондай-ақ, портал өтінімді қабылдамайды.

Тауар өндірушілер пысықталғаннан кейін өтінімді қайта енгізе алады.

16. Бөлім құжаттардың толық пакеті түскенен кейін екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Бұл ретте, асыл тұқымды жануарларды сатып алу, асыл тұқымды ірі қара мал мен қойдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу, тұқымдық түрленумен қамтылған асыл тұқымды ірі қара мал мен қойдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу және өсімді молайту үшін пайдаланылатын етті, сүтті, сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу субсидиялау бағыттары бойынша құрамында Бөлім маманы бар жұмыс тобы тиісті ауылдық округ әкімдігінің маманы мен ветеринар дәрігері жеті жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестігін салыстырып-тексеру үшін шаруашылыққа барады. Жұмыс тобының құрамы Бөлім бұйрығымен бекітіледі.

Шығу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша салыстырып-тексеру актісі жасалады, оның тұпнұсқасы осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген мерзімдерде Бөлімде сақталады.

Осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкес келмеу анықталған жағдайда Бөлім көрсетілген мерзім ішінде тауар өндірушіге бас тарту себептерін көрсете отырып, Мемлекеттік корпорацияға қағаз түрінде немесе электрондық түрде АТЖ арқылы порталға осы Қағидалардың 11-қосымшаның 2-нысаны бойынша хабарлама жібереді.

Тауар өндіруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар мен талаптарға сәйкес келген жағдайда, Бөлім көрсетілген мерзім ішінде өтінімді АТЖ арқылы салыстырып-тексеру актісінің электрондық көшірмесін қоса бере отырып, Облыс басқармасына, Қала басқармасына жолдайды.

Облыс басқармасы, Қала басқармасы өтінім түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін деректердің толықтығын тексереді және сәйкес келген жағдайда, тауар өндіруше осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша АТЖ арқылы өтінімнің мақұлданғаны туралы хабарлама жолдайды.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы берген жағдайда Облыс басқармасы, Қала басқармасы көрсетілген мерзім ішінде өтінімнің мақұлданғаны туралы хабарламаны Бөлімге жолдайды. Бөлім бір жұмыс күні ішінде өтінімнің мақұлданғаны туралы хабарламаны Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Тауар өндіруші Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде, құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету күніне жатпайды, бұл ретте Бөлім мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің аяқталуына бір күн бұрын ұсынады.

Көрсетілген деректердің толық еместігі және салыстырып тексеру актісінің қате жасалғаны анықталса, өтінім көрсетілген мерзім ішінде АТЖ арқылы барлық сәйкессіздіктердің уәжді негіздемесімен бірге Бөлімге пысықтауға қайтарылады.

Салыстырып тексеру актісі қате жасалуы себебінен қайтарылған жағдайда, Бөлім бір күн ішінде Басқармаға АТЖ арқылы пысықталған актіні енгізеді.»;

21, 22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Тауар өндірушілер базалық норматив бойынша тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидия алу үшін ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етеді және осы Қағидалардың 14-тармағында айқындалған мерзімдерде Мемлекеттік корпорациясы немесе портал арқылы өтінім береді.

Қосымша норматив бойынша ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басымен және тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидия алуға арналған өтінімдер күнтізбелік жылда бір рет, бірақ ағымдағы жылдың 20 қарашасынан кешіктірілмей беріледі. Бұзаулардың шығу пайызы мынадай формуламен есептеледі:

B=T/K*100, мұнда:

B – өтінім берген күнге төлердің шығу пайызы;

T – өтінім берген күнге дейінгі соңғы он екі ай ішінде соңғы төлдегенде сиырлардан (сиыр – төлдеген аналық бас немесе 36 айдан үлкен аналық бас) алынған бұзаулардың саны;

K – өтінім берген күнге сиырлардың (сиыр – төлдеген аналық бас немесе 36 айдан үлкен аналық бас) саны.

Тауар өндірушілер қойлардың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алу үшін ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етеді және осы Қағидалардың 14-тармағында айқындалған мерзімдерде Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы өтінім береді.

Тауар өндіруші асыл тұқымды ірі қара малды төлемін кейінге қалдыра отырып (ішінара төлей отырып), кредитке немесе лизингке сатып алған жағдайда, бюджеттік қаражатты өтінімде көрсетілетін сатушының, кредит берушінің немесе лизинг берушінің есебіне аударуға жол беріледі.

Жеке және заңды тұлғалар табынның өсімін молайту үшін асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға субсидиялар алу үшін ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етеді және осы Қағидалардың 14-тармағында айқындалған мерзімдерде Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы өтінім береді.

22. Тауар өндірушілер мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бағыты бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

1) Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде;

2) портал арқылы электрондық түрде өтінімдер ұсынады.

23. Субсидиялар алудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құс фабрикаларының/100 мал орнынан басталатын бордақылау алаңдарының/шошқа өсіруші кәсіпорындардың/ірі қара малды союмен және етін бастапқы қайта өңдеумен айналысатын ет комбинаттарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) және олардың өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестігі облыстар, Астана мен Алматы қалалары деңгейінде «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – «Атамекен» ҚР ҰКП) өңірлік кәсіпкерлер палаталары құратын, құрамында «Атамекен» ҚР ҰКП-да аккредиттелген қоғамдық салалық одақтар мен қауымдастықтар өкілдері және Бөлім маманы бар арнайы комиссияның осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша қорытындысы негізінде жылына бір рет айқындалады, ол Облыс басқармасы мен Бөлімге жолданады.

24. Арнайы комиссия осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құс фабрикаларының/100 мал орнынан басталатын бордақылау алаңдарының/шошқа өсіруші кәсіпорындардың/ірі қара малды союмен және етін бастапқы қайта өңдеумен айналысатын ет комбинаттарының тиісті инфрақұрылымының бар-жоғын тексереді.

Жыл ішінде Тізбені өзгертуге жол беріледі. Бұл ретте, құс фабрикалары мен шошқа өсіруші шаруашылықтар үшін арнайы комиссияның қорытындысына қоса берілетін өнім өндірудің технологиялық картасы жасалады.

Тауар өндірушілердің өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестігін айқындау бес жұмыс күні ішінде өтеусіз негізде «Атамекен» ҚР ҰКП-ның өңірлік кәсіпкерлер палатасына тауар өндірушінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Құрамажем құнын субсидиялау құрамажем кәсіпорындарына бекітілген ауыл шаруашылығы кооперативтері тізімінен ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арзандатылған баға бойынша нақты өткізілген құрамажем көлемі үшін жүзеге асырылады. Ағымдағы жылдың 1 наурызына дейін Бөлім осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар мен талаптарды ескере отырып, субсидиялауға жататын ауыл шаруашылығы кооперативтері тізімін бекітеді және ауыл шаруашылығы жануарлары түрлері (кооператив мүшелерінің ИСЖ-да тіркелген) бойынша жылдық қажеттілік нормалары негізінде олардың құрамажемге жылдық қажеттілігі көлемдерін айқындайды.

Бекітілген ауыл шаруашылығы кооперативтері тізімі тоқсан сайынғы негізде қайта қаралуы мүмкін. Бекітілген ауыл шаруашылығы кооперативтері тізімі Облыс басқармасына жолданады және аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігінің сайтында жарияланады.

Субсидиялауға бір килограмы 40 теңгеден аспайтын арзандатылған бағамен өткізілген құрамажем жатады.

Құрамажем зауыты құрамажем бекітілген Тізбедегі ауыл шаруашылығы кооперативтеріне өткізілген жағдайда, оның өткізілген көлемі үшін өтінім береді.»;

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Бөлім өтінім беруге негіз пайда болған сәттен бастап (өткізілген өнім үшін ақы төленген сәттен бастап) үш айдан аспаған өтінімдерді қабылдайды.

27. Бөлім өтінімді алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде тауар өндірушінің өтінімін осы Қағидалардың 6, 7, 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексереді.

Бөлім бұқашықтарды бордақылау, қозы ұсті, жылқы ұсті, түйе ұсті, шошқа ұсті құнын арзандатуды субсидиялау бағыттары бойынша салыстырып тексеру жүргізу үшін ветеринариялық ұйымнан осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір мал иесінің тіркелген/шығып кеткен (АЖБ-дан) жануарлары бойынша ақпарат алады.

Бөлім мал шаруашылығы өнімін субсидиялауға өтінім берген тауар өндірушілерді, оларда болған жағдайда, ауданның, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың ветеринария бөлімі ұсынған, ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті түрлері бойынша аса қауіпті және инфекциялық аурулар бойынша карантиндік іс-шаралар қолданылған тауар өндірушілер тізімімен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Бөлім көрсетілген мерзім ішінде тауар өндірушінің қызмет орнына осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестікті айқындау және зоотехникалық есепке алудың бастапқы құжаттарына (малдың қозғалысы туралы есепті, өнім өндіру журналын қоса алғанда) салыстырып тексеру жүргізу үшін мынадай жағдайларда барады:

1) жекелеген бағыт бойынша өтінімді алғаш рет бер;

2) алдыңғы өтініммен салыстырғанда, өндіріс деңгейінің/кәсіпорын қуатының ұлғаюына байланысты субсидиялау нормативінің артуы;

3) жекелеген бағыт бойынша өтінім берілген көлемдердің өткен айдың өтінімінен жиырма пайыздан астам асып кетуі.

Осы Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар мен талаптарға, осы Қағидалардың 6, 7, 8-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеу анықталған жағдайда, өтінім көрсетілген мерзім ішінде барлық сәйкессіздіктердің уәжді негіздемесі бар Мемлекеттік корпорация және портал арқылы ілеспе хатпен тауар өндірушіге қайтарылады.

Тауар өндірушілер түзетілген сәйкессіздіктерді ескере отырып, өтінімді қайта енгізе алады.»;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Облыс басқармасы облыс, қала бойынша жиынтық акт бекітілген күннен кейін үш жұмыс күні ішінде Бөлімге осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға арналған бағыттар бойынша тауар өндірушілердің өтінімдерін қарастыру қорытындылары жөніндегі ақпаратты жолдайды.

Бөлім алынған ақпарат бойынша кейіннен тауар өндірушіге (өтінім берушіге) Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы беру үшін қарау нәтижелерін қысқаша сипаттай отырып, әр тауар өндіруші (өтінім беруші) бойынша жеке-жеке осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарлама қalыптастырады.».

көрсетілген Қағидаларға 1 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымшаның 4-нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес көрсетілген Қағидаларға 5-1-қосымшасымен толықтыру;

көрсетілген Қағидаларға 11-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың ол ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құқықтық қамтамасыз ету департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.МЫРЗАХМЕТОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі _____ Д.Абаев
2017 жылғы 12 желтоқсан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі _____Б.Сұлтанов
2017 жылғы 12 желтоқсан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі _____Т.Сүлейменов
2017 жылғы 12 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 490 бұйрығына 1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 1-қосымша

Субсидиялар нормативтері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
	Етті мал шаруашылығы		
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу		
1.1	Тауарлы аналық бас		
1)	Базалық норматив	бас	10 000
2)	Қосымша норматив:		
	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	8 000
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	6 000
1.2	Асыл тұқымды аналық бас		
1)	Базалық норматив	бас	10 000
2)	Қосымша норматив:		
	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу*	бас	150 000
2.1.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы қайта өңдеумен айналысатын ет комбинаттарының сиыр еті өндірісінің құнын арзандату	килограмм	175
	Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы		
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1.1	Асыл тұқымды аналық бас		
1)	Базалық норматив	бас	10 000
2)	Қосымша норматив		
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу*		
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал		
	Австралия, АҚШ және Канада елдерінен	бас	225 000
	Еуропа және ТМД елдерінен	бас	150 000
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату**:		
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	25
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	15
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	килограмм	10
	Мал шаруашылығы		
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату:		
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000
2)	451-ден 500 килограмға дейін		60 000
3)	501-ден 550 килограмға дейін		65 000
4)	551-ден 600 килограмға дейін және одан жоғары		75 000
2.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000
3.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	****
4.	Асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар сатып алған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтың құнын арзандату	бірлік	****
5.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000
	Етті құс шаруашылығы		
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	голова	600
2.	Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату **		
1)	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс*****	килограмм	80
2)	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс*****	килограмм	70
3)	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс*****	килограмм	60
4)	1000 тоннадан басталатын нақты өндіріс *****	килограмм	50
3.	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату*****	килограмм	200
4.	Нақты өндірісі 20 тоннадан басталатын құс (суда жүзетін құс және бройлер) етін өндіру құнын арзандату*****	килограмм	40
	Жұмыртқалы құс шаруашылығы		
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	400
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату*****		
1)	200 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	3
2)	150 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,7
3)	100 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,5
4)	50 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,2
5)	20 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2
3.	Бөдене жұмыртқаларын өндіру құнын арзандату	дана	****
	Шошқа шаруашылығы		
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу*	бас	75 000
2.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату***		
1)	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	килограмм	100
2)	нақты бордақыланғаны 2 000 бастан бастап	килограмм	85
3)	нақты бордақыланғаны 1 000 бастан бастап	килограмм	70
4)	нақты бордақыланғаны 500 бастан бастап	килограмм	55
	Қой шаруашылығы		
1.	Жеке қос

(Соңы. Басы 13-бетте)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 490 бұйрығына 5-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 11-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған 1-нысан

«_____облысы_____ ауданы (қаласы) бойынша «тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау қорытындылары жөніндегі ақпарат»

20___ жылғы «____» _____ жай-күй бойынша есептік кезең

Индекс: 4-ЖИВ
Кезеңділігі: тұрақты

Ұсынатын тұлғалар шеңбері: облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы басқармалары

Қайда ұсынылады: аудандардың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы бөлімдері

Ұсыну мерзімі: тұрақты мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру жөніндегі облыс бойынша жиынтық актіні бекіту қорытындылары бойынша

Р/с №	Тауар өндірушінің (өтінім берушінің) атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі	Субсидиялау бағыты	Өтінім бойынша өндірілген және өткізілген өнімнің көлемі (тонна, бас, дана)	Субсидиялау нормативі (теңге)	Тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)	Қарау қорытындысы
1	2	3	4	5	6	7	8

Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы
_____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мөр)

Мал шаруашылығы/субсидиялау бөлімінің басшысы
_____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қаржы бөлімінің басшысы
_____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ескертпе: Толтыру бойынша түсіндірме осы әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау қорытындылары жөніндегі ақпарат» нысанына қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау қорытындылары жөніндегі ақпарат» нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау қорытындылары жөніндегі ақпарат» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау қорытындылары жөніндегі ақпарат» нысанын толтыру бойынша түсіндірме «Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 3-2/378 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11284 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.
2. Аталған Нысанды жүргізудің негізгі міндеті аудандардың ауыл шаруашылығы бөлімдерін тауар өндірушілердің мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға арналған өтінімдерін қарау қорытындылары туралы хабардар ету болып табылады.
3. Толтырылған нысан аудандардың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы бөлімдеріне ұсынылады.
4. Көрсеткіштер облыс бойынша бекітілген жиынтық акт бойынша қалыптастырылады.
5. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бағыты бойынша:
6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмір көрсетіледі.
7. Нысанның 2-бағанында тауар өндірушінің атауы көрсетіледі.
8. Нысанның 3-бағанында жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
9. Нысанның 4-бағанында субсидиялау бағыты көрсетіледі.
10. Нысанның 5-бағанында өтінім бойынша өндірілген және өткізілген өнімнің көлемі көрсетіледі.
11. Нысанның 6-бағанында субсидиялау нормативі көрсетіледі.
12. Нысанның 7-бағанында тиесілі субсидиялар сомасы көрсетіледі.
13. Нысанның 8-бағанында қарау нәтижесі көрсетіледі.

2-нысан

Хабарлама

20 ___ жылғы «___» _____

Тауар өндіруші_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жүгіну мақсаты _____
(субсидияланатын бағыт)
Өтініш берілген күн 20 ___ жылғы «_____» _____
Шешім_____
_____
_____

_____облысы _____ ауданы (қаласы) ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы_____ _____
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16092 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 13 желтоқсан №615 Астана қаласы

«Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4991 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарындағы нысандар:

орта білім беру ұйымындағы бұйрықтарды тіркеу кітабы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орта білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі хаттамаларының кітабы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу кітабы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

білім алушыларды жазатын алфавиттік кітап осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жеке іс қағазы осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

1-4-сыныптарға арналған сынып журналы осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-11 (12)-сыныптарға арналған сынып журналы осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

факультативтік сабақтардын/үйде оқыту журналы осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

мектепалды сыныптарының журналы осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

білім алушылардың үлгерімі туралы табельдерді есепке алу кітабы осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

1-4 сынып білім алушысының үлгерімі туралы табель осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-11(12) сынып білім алушысының сабақ үлгерімі туралы табель осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

негізгі орта орта білім беру ұйымын бітіргендігі туралы аттестатты беру және есепке алу кітабы осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабы осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

мақтау грамоталарын және мақтау қағаздарын беруді есепке алу кітабы осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орта білім беру ұйымынан кеткен білім алушыларды есепке алу кітабы осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орта білім беру ұйымына келген білім алушыларды есепке алу кітабы осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде елтаңбалық мөрімен куәландырылған қағаз данасы қосымшасының электронды тасығышта ресми жариялауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкісіне енгізу үшін осы бұйрықты қол қоюға уәкілетті адамның куәландырылған электрондық цифрлық қолтаңбасын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің расталған мөрлі электронды және басылымды түрін жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Е.САҒАДИЕВ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №615 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығымен бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Орта білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі хаттамаларының кітабы

_____
(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)
_____
(аудан, қала (ауыл)
_____
(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ жылы кітап басталды
_____ жылы кітап аяқталды

№ р/с	Бұйрық №	Шығарылған күні	Бұйрықтың атауы	Кім қол қойды (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Ескерту: Бұйрықтарды тіркеу кітабы (бұдан әрі – Кітап) орта білім беру ұйымдарында негізгі қызмет бойынша, кадрлар және оқушылардың жеке құрамы және ауысуы бойынша жүргізіледі.

Бұйрықтар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қаңтарда № 10129 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларына сәйкес сәйкес ресімделеді.

Кітаптың әрбір парағы нөмірленеді, тігіледі және орта білім беру ұйымы директорының қолы қойылып, мөр басылады.

Электрондық жүйеге қосылған білім беру ұйымдарында бұйрықтарды тіркеу кітабы тек қана электронды түрде толтырылады, оны қағаз нұсқада толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығымен бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Орта білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі хаттамаларының кітабы

_____
(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)
_____
(аудан, қала (ауыл)
_____
(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ жылы кітап басталды
_____ жылы кітап аяқталды

№ хаттама

_____
_____отырысы (кеңесі, жиналысы)
(өткізілген күні толық көрсетілуі тиіс)

Қатысқандар: (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсетіледі) Күн тәртібі:
1. Тыңдалды: 1. Қаралған мәселенің тақырыбы.
2. Сөйледі: 1. Сөйлеген адамның (Т.А.Ә. (болған жағдайда) және сөзінің қысқаша мазмұны.
3. Қаулы етті: 1. Аталған мәселе бойынша қабылданған шешім

Төраға _____ (Т.А.Ә. (болған жағдайда)
Хатшы _____ (Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Ескерту: Орта білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі хаттамаларының кітабы (бұдан әрі – Хаттамалар кітабы) барлық орта білім беру ұйымдарында жүргізіледі, онда педагогикалық кеңеске шығарылған мәселелердің талқылануы, педагогикалық кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен ескертулері тіркеледі.

Хаттамалар кітабы нөмірленеді, тігіледі, орта білім беру ұйымы директорының қолымен және мөрімен бекітіледі.

Хаттамаларды дайындау мен рәсімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қаңтарда № 10129 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларына сәйкес сәйкес ресімделеді.

Орта білім беру ұйымы педагогикалық кеңесінің хаттамасы білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды түрде толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №615 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығымен бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу кітабы

_____
(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)
_____
(аудан, қала (ауыл)
_____
(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ жылы кітап басталды
_____ жылы кітап аяқталды

(сол жақ беті)

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы	Жынысы	Туған жылы	Ұлты	Білімі (қашан, қандай оқу орнын және факультетті бітірген, мамандығы, дипломның №)
1	2	3	4	5	6

Беттің соңына дейін (30 жол)
(оң жақ беті)

Қашан және қандай біліктілігін арттыру курстарын бітірді	Қандай пәнді жүргізеді	Осы орта білім беру ұйымына қабылданған кездегі жалпы педагогикалық стажы	Осы орта білім беру ұйымында қай уақыттан бері жұмыс істейді, бұйрықтың нөмірі, күні	Аттестаттаудан өткен күні, аттестаттау коммиссия сының шығарған қорытын дысы	Наградалары мен атағы, ғылыми дәрежесі	Мекен-жайы, телефоны	Кеткендігі туралы белгі
7	8	9	10	11	12	13	14

Беттің соңына дейін (30 жол)

Ескерту: Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу кітабы (бұдан әрі - Есепке алу кітабы) барлық орта білім беру ұйымдарда жүргізіледі.

Жұмысқа кірген педагогикалық қызметкерлер келесі нөмір тәртібімен жазылады. Бір бетке 10 адамнан артық жазылмайды.

Кітаптағы жазбалар тиісті құжатпен негізделген болуы қажет.

Есепке алу кітабы нөмірленеді, тігіледі, орта білім беру ұйымының қолы және мөрімен бекітіледі.

Педагогикалық қызметкерлердің жеке құрамын есепке алу кітабы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды түрде толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Білім алушыларды жазатын алфавиттік кітап

_____
(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)
_____
(аудан, қала (ауыл)
_____
(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ жылы кітап басталды
_____ жылы кітап аяқталды

Кітаптың ішкі беттері (сол жақ беті)

№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы және айы	Жынысы	Ана тілі	Орта білім беру ұйымына қабылданған күні	Қай сыныпқа қабылданды
1	2	3	4	5	6	7

Кітаптың ішкі беттері (оң жақ беті)

Білім алушының мекен-жайы	Кеткен күні	Қай сыныптан кетті	Кету жөніндегі бұйрықтың күні мен нөмірі	Қайда кетті (облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, орта білім беру ұйымы)	Кету себептері (оның ішінде, орта білім беру ұйымын бітіргенде)	Жеке іс қағазының берілгенін белгілеу
8	9	10	11	12	13	14

Беттің соңына дейін (30 жол)

Ескерту: Алфавиттік жазба кітабына (бұдан әрі - Алфавиттік кітап) орта білім беру ұйымының барлық оқушылары жазылады. Жыл сайын кітап жаңа қабылданған оқушылармен толықтырылып отырады. Оқушылардың тегі оның оқитын сыныбына қарамастан алфавиттік ретпен енгізіледі.

Алфавиттің әрбір әрпіне жеке бет арналып, әр әріпке реттік нөмір қойылады. Кітаптағы рет нөмірі оқушының жеке іс қағазындағы нөмірі болып табылады.

Жеке іс қағазда бұл нөмір бөлшек түрінде қойылады. Мысалы, № Б/1-оқушының алфавиттік кітапта «Б» әрпіндегі №15 болып жазылғанын білдіреді.

Егер бұйрықпен рәсімделіп мектептен шығып кеткен оқушы қайтып келсе, онда ол туралы мәлімет жаңадан келген оқушы ретінде қайтадан жазылады.

Барлық беттері толған жағдайда жазуды жалғастыру әрбір әріп бойынша келесі нөмірлер тәртібімен жаңа кітапқа жазылады.

Алфавиттік кітаптың беттері нөмірленіп, бауланып, директордың қолы қойылып, мөр басылады.

Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Алфавиттік кітап тек электронды түрде толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №615 бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығымен бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Суреттің орны

№ _____ жеке іс қағазы

Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда)_____
Туған күні, айы, жылы _____
Мекен-жайы _____
Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____
1. Жынысы: ер, әйел _____ (астын сызу)
2. _____ туған
(күні, айы, жылы)
Негізі:
Туу туралы куәлік № ___ берілген күні ____ сериясы ____ №_____
3. Әкесінің тегі, аты, әкесінің аты _____
Шешесінің тегі, аты, әкесінің аты _____
немесе оларды алмастыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты
_____
4. Ұлты _____
5. Бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін қай жерде тәрбиеленді/оқытылды/
_____
6. Осы орта білім беру ұйымынан басқа орта білім беру ұйымына кету туралы мәліметтер (ауысқан орта білім беру ұйымының атын және қай сыныпқа қабылданғанын көрсету керек)
_____
7. Орта білім беру ұйымынан кету туралы белгі (қашан, қайда, себептері)
_____
8. Білім алушының мекен-жайы
_____
9. Наградалары мен марапаттаулары
_____
10. Қоғамдық жұмысқа, олимпиадаларға, конференцияларға түрлі жарыстарға және т.б. қатысуы туралы қысқаша мәліметтер
_____
11. Оқытылған факультативтік курстар туралы мәліметтер
_____

Ескерту: Білім алушының жеке іс қағазы (бұдан әрі – Жеке іс қағазы) орта білім беру ұйымына қабылданған кезден бастап мектеп бітіргенше (мектептен шыққанша) әрбір оқушыға жүргізіледі.

10-11 (12) сынып оқушыларының білім алу кезеңінде негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат Жеке іс қағазында болады.

1-4 сынып оқушыларының жеке іс қағаздарын мұғалімдер, 5-11 (12) сыныптарда жетекшілері жүргізеді.

Оқушылардың іс қағаздары білім алуы кезінде және мектепті бітіргеннен кейін үш жылға дейін сақталады.

Жеке іс қағазға:
1) Туу туралы аттестаттың көшірмесі;
2) 2 дана 3х4 көлеміндегі фотосуреті;
3) медициналық карта (мектепке қабылданған кезде талап етіледі) және мектептің медициналық кабинетінде сақталады;
4) әрбір сыныптағы үлгерім табелі тіркеледі.

Оқу жылының соңында Жеке іс қағазына барлық пәндер бойынша бағалары туралы жазбалар, оқушылардың жетістіктері мен босатқан сабақтарының саны жазылады.

Бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде «_____мектептен кетті» деген жазба жазылып, директордың қолы қойылып, мөр басылып Жеке іс қағазы ата-анаға немесе өзге де заңды өкіліне беріледі.

Алфавиттік кітапқа тіркеу үшін әрбір оқушының Жеке іс қағазы нөмірленеді.

Жеке іс қағаздарының сақталуына мектеп директорының бұйрығымен бекітілген адам жауапты.

Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Жеке іс қағазы электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығына 6-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

1-4-сыныптарға арналған сынып журналы

_____
(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)
_____
(аудан, қала (ауыл)
_____
(орта білім беру ұйымының атауы)

Ескерту: Сынып журналы орта білім беру ұйымының әрбір мұғалімі жүргізуге міндетті болып табылатын мемлекеттік құжат.

Сынып журналы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда тек қана электрондық форматта толтырылады, оны қағаз нұсқасында толтыруға жол берілмейді.

Электрондық журнал әр тоқсанның қорытындысы бойынша ақпараттық жүйеден жүктеледі және басып шығарылады, беттері бауланып, нөмірленіп, орта білім беру ұйымы директорының қолы қойылып, мөр басылады, олардың сақталуы қамтамасыз етіледі.

1-жарты жылдыққа арналған сабақ кестесі

Күні. Сабақ уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
2 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
3 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
4 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
5 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
6 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						

2-жарты жылдыққа арналған сабақ кестесі

Күні. Сабақ уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1 сабақ _сағ.__мин. _сағ.__мин.						
2 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
3 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
4 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
5 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						
6 сабақ __сағ.__мин. __сағ.__мин.						

Мазмұны

Атауы Беті
1. Сауат ашу _____
2. Ана тілі _____
3. Әдебиет _____
4. Қазақ тілі _____
5. Орыс тілі _____
6. Шетел тілі _____ _____
(қандай)
7. Математика _____
8. Информатика (Ақпараттық коммуникациялық технология) _____
9. Жаратылыстану _____
10. Дүниетану _____
11. Өзін-өзі тану _____
12. Музыка _____
13. Бейнелеу өнері _____
14. Еңбекке баулу (Көркем еңбек) _____
15. Дене шынықтыру _____
16. _____ _____
17. _____ _____
18. _____ _____
19. _____ _____
20. Білім алушылар туралы жалпы мағлұматтар _____
21. Білім алушылардың дене шынықтыру дайындығының көрсеткіштері _____
22. Білім алушылардың қатыспаған сабақтары мен күндерінің саны туралы мағлұматтар _____
23. Білім алушылардың оқу үлгерімі және тәртібі есебінің жинақ тізімдемесі _____
24. Сынып журналының жүргізілуі туралы ескертулер _____

(Сол жақ беті)

Пәннің аты_____

№ р/с	Білім алушының тегі, аты	Айы, күні							одан әрі, 26-ға дейін

Одан әрі, 42-ге дейін

(оң жақ беті)

Мұғалімнің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Айы, күні	Сабақта не өтілді	Үй тапсырмасы	Мұғалімнің ескертулері

Барлығы 42 жол

(сол жақ беті)

Жаңартылған бағдарлама бойынша 1-4 сыныптар үшін*

Пән атауы _____

теріс сараптамалық шешім алған жағдайда – «білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды», сонымен бірге сынаққа жіберілетін оқу әдебиеттеріне – «білім беру ұйымдарында сынақтан өткізуге ұсынылмайды».

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінің оқулықтары, ОӘК мен ОӘҚ үшін, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде – «білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылды»;

сараптамалық шешімде жоюды қажет ететін ескертулер болған жағдайда – «Өңдеуді қажет етеді»;

теріс сараптамалық шешім алған жағдайда – «білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылмайды.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған білім мазмұны бойынша сынақтан өтеді.»;

20-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20-2. Уәкілетті орган оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ сынақ өткізетін эксперименттік білім беру ұйымдарының тізімін және оқулықтар мен ОӘК тізбесін қалыптастырады.»;

25, 26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Уәкілетті орган оқулықтар мониторингінің нәтижелері бойынша білім беру ұйымдары тарапынан сұраныссыз қалған оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесінен (бұдан әрі – Тізбе) алып тастау туралы шешім қабылдайды.

26. Уәкілтті орган оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерді, сараптама және сынақ жүргізу нәтижелерін қарастыру жөніндегі Республикалық комиссияны (бұдан әрі – Республикалық комиссия) құрады.

Республикалық комиссияның құрамы уәкілетті органның бірінші басшысымен бекітіледі.

Республикалық комиссияның құрамына білім беру саласында жұмыс тәжірибесі бар мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың, педагогикалық және ғылыми қоғамдастықтың өкілдері кіреді.

Уәкілетті орган оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-нің, оның ішінде электронды жеткізгіштегілердің сараптама, сынақ нәтижелерін қарастыру және Республикалық комиссияға ұсыныс енгізу үшін пәндік комиссияларды құрады.

Пәндік комиссиялардың отырысы жылына екі реттен кем емес өткізіледі.

Пәндік комиссиялар құрамы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен, ғалымдар, әдіскерлер мен педагог-практиктерден құрылады.

Пәндік комиссиялар:

1) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріне арналған оқулықтарға сараптама жасайды және бірыңғай базалық оқулықты анықтау үшін деңгейге бөлу жұмыстарын жүргізеді;

2) оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ сараптама, сынақ, оқулықтар сапасын қоғамдық бағалаудың аралық және соңғы қорытындыларын қарастырады;

3) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерді сараптамалық бағалау, сынақтан өткізу және деңгейге бөлу қорытындыларын Республикалық комиссияның қарауына енгізеді.

27. Республикалық комиссия:

1) пәндік комиссиялар жұмысының қорытындыларын қарастырады;

2) оқу басылымының мазмұнын бағалау критерийлері негізінде пәндік комиссиялардың ұсыныстарын, сондай-ақ оқулықтардың бағасын есепке ала отырып, оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде бірыңғай базалық оқулықтарды іріктеуді жүзеге асырады;

3) оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерді оқу процесінде пайдалану туралы мынадай шешімдерді қабылдайды:

«білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады»;

«білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды»;

«білім беру ұйымдарында бірыңғай базалық оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады»;

«білім беру ұйымдарында қосымша қолдануға арналған оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады»;

4) Тізбеге енгізу үшін ұсынылған оқу әдебиеттері тізімін Министрліктің қарауына және бекітуіне ұсынады;

5) оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, мониторинг жүргізу және басып шығару тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды және енгізеді.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Тізбеге бір оқу пәні бойынша бестен артық емес балама оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ енгізіледі.

Уәкілетті орган бекіткен Тізбе www.edu.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылады.».

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді басылымдарға ресми жариялау үшін жолдау;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткенней кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы А.ӘМРИН

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16220 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 29 желтоқсан №662 Астана қаласы

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген, «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 15 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 13 қараша №775 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды кредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 495 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11620 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 16 шілдеде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды кредиттеу қағидаларында:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Бюджеттік бағдарламаның әкімшілері»:

коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган;

электр энергетика саласындағы уәкілетті орган;»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Алдын ала іріктеу жүргізу үшін Қарыз алушы іске асыру қажеттілігін, басымдылығын негіздей отырып, инвестициялық жобалардың алдын ала тізбесін қалыптастырады және Сенім білдірілген өкілге (агентке) алдағы жоспарланған жылдың 1 наурызына дейін жібереді.»;

52-тармақтың 5) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) соңғы үш жылдағы бірінші басшы мен бас бухгалтердің қолы қойылған Әлеуетті түпкілікті қарыз алушының қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасы.

«Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - аудиторлық қызмет туралы Заң) сәйкес түпкілікті қарыз алушы міндетті аудитке жатқан жағдайда, аудиттелген қаржылық есептілігі ұсынылады. Қаржылық есептілік «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес, оның ішінде басқа ұйымдарда қаржылық қатысуы туралы ақпарат, баланс валютасында 10 % және одан да астам баланс баптарының егжей-тегжейлі таратып жазылуы қоса беріле отырып ұсынылады;»;

«9) өтінім берген сәтте мемлекеттік кірістер органдарында есепке алынатын субсидия алушының борешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәлімет;»;

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«54. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Сенім білдірілген өкілге (агентке) Қарыз алушы ұсынған құжаттар топтамасын қоса бере отырып, бюджеттік кредит алуға арналған өтінімді қараудың қажеттілігі туралы хат жібереді.»;

58-тармақ алып тасталсын;

61 және 62-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«61. Кепіл нысанының жай-күйіне, қайтарымдылығына немесе қажетті құжаттарға қатысты елеулі күмәнді жою үшін Қарыз алушы 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде қосымша ақпарат ұсынбаған жағдайда, Сенім білдірілген өкіл (агент) келесі жұмыс күні қарыз алушыға құжаттардың топтамасын қайтарады.

62. Қарыз алушының/Әлеуетті түпкілікті қарыз алушының анықталған сәйкессіздіктерді жоюын ескере отырып, бюджеттік кредит алуға арналған өтінімді қолдану мерзімі ол берілген жылдың 15 сәуірінде аяқталады.»;

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Сенім білдірілген өкілді (агенттің) өтінімі бойынша бюджеттік кредит беру мүмкіндігі/беруден бас тарту туралы қорытынды осы Қағидалардың 59-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін келесі жұмыс күні Жұмыс тобының алдағы отырысының күн тәртібіне енгізу үшін Жұмыс тобының хатшысына ұсынылады.»;

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«92. Сенім білдірілген өкіл (агент) объектілерді кезбен тексеру жүргізу және инвестициялық жобаларды іске асырудың нақты барысын тексеру мақсатында жартыжылда бір реттен сиреген объектілерге шығуды жүзеге асырады.»;

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«95. Объектілерді кезбен тексеру жүргізудің және инвестициялық жобаларды іске асырудың нақты барысын тексеру қорытындылары бойынша Сенім білдірілген өкіл (агент) 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде растайтын фото және бейнематериалдарды қоса бере отырып, объектіні нақты тексеру (байқау) туралы есеп жасайды және Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жібереді.»;

102-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«102. Инвестициялық жобаларды қаржыландыруға мониторингті жүзеге асыру үшін Түпкілікті қарыз алушы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік кредиттің түсуі, игерілуі және өтелуі туралы ақпаратты Сенім білдірілген өкілге (агентке) жібереді.»;

103-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«103. Бюджеттік кредиттің түсуі, игерілуі және өтелуі туралы ақпарат Түпкілікті қарыз алушыға ай сайын және жылдың қорытындысы бойынша электрондық форматта және қағаз тасығышта мынадай мерзімдерде ұсынады:

есепті ай үшін – есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей;

есепті жыл үшін – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.»;

110-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді толық жазып көрсету (негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді топтар бойынша бөліп көрсете отырып);»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) қызмет түрлері, тұтынушылар топтары және осы тарифтер бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі бойынша бөліп көрсете отырып, тарифтердің барлық түрлерін қамтитын операциялық көрсеткіштер;»;

116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«116. Сенім білдірілген өкіл (агент) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі жылдың 30-ыншы маусымынан кешіктірмей түпкілікті қарыз алушының қаржылық жай-күйі мониторингінің нәтижелерін Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне және Кредиторға ұсынады.

Аудиторлық қызмет туралы Заңына сәйкес түпкілікті қарыз алушы міндетті аудитке жатқан жағдайда, Түпкілікті қарыз алушының аудиттелген қаржылық жай-күйі мониторингінің нәтижелері ұсынылады.»;

мынадай мазмұндағы 118-тармақпен толықтырылсын:

«118. Сенім білдірілген өкіл (агент) кредитордың (сенім білдірушінің) тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берешекті өндіріп алуды орындауы мүмкін.»;

Қағидаларға 2-1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2) «Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 665 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12288 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 17 қарашада жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов
2017 жылғы 16 қараша

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
_____ Н. Айдапкелов
2017 жылғы « » _____

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
_____ Қ. Бозымбаев
2017 жылғы 15 қараша

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 13 қарашадағы №775 бұйрығына 1-қосымша

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды
және жаңыртуды кредиттеу қағидаларына 2-1-қосымша

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды кредиттеген кездеСенім білдірілген өкілдің (агенттің) көрсетілетін қызметінің құнын есептеу

1. Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) көрсетілетін қызметінің құны тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңырту және дамыту жөніндегі ұйымның бекітілген тиісті жылға арналған даму жоспарының негізінде жыл сайын қайта қаралады.

2. Көрсетілетін қызмет құнын айқындау тәртібі:

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңырту және дамыту жөніндегі ұйымның көрсетілетін қызметінің құны:

1) жоспарлы шығындарға негізделген бір адам-сағатқа алғандағы құны;

2) көрсетілетін қызмет құнының есебі үшін айқындалған табыс нормалары;

3) еңбек шығынының нормалары;

4) Сенім білдірілген өкіл (агент) ретінде тікелей қызмет көрсететін жұмыскерлердің саны негізінде айқындалады.

3. Бір адам-күнге алғандағы жоспарлы құны мына формуланың негізінде есептеледі:

$$\text{ЖҚБір} = \frac{\text{ЖШ}}{\text{САНЫжК}} \times (1 + \text{ТН}),$$

мұнда:

ЖҚБір –бір адам-сағаттың жоспарлы құны, адам-күнге мың теңге;

ЖШ – қызмет көрсетуге байланысты жоспарлы шығын, мың теңге;

саны – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту ұйымының өндірістік және әкімшілік персоналының жиынтық штат саны, адам;

КК – жоспарланған кезеңдегі жыл ішіндегі күнтізбелік күндер саны, күндермен алғанда (жұмыс уақыты баламасына сәйкес 40 сағаттық апта кезінде);

ТН – табыс нормасы, пайызбен алғанда.

4. Тиісті кезеңдегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңырту және дамыту ұйымындағы табыстың жоспарлы нормасы.

5. Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) көрсетілетін қызметінің құнын айқындау:

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңырту және дамыту ұйымының Сенім білдірілген өкіл (агент) ретінде көрсетілетін қызметінің құны төменде келтірілген формулаға сәйкес айқындалады:

ҚҚ = ЖҚБір × С×УН,

мұнда:

ҚҚ – көрсетілетін қызмет құны, мың теңге;

ЖҚБір – бір адам-сағаттың жоспарлы құны, адам-сағатқа мың теңге;

С – осы қызметті көрсетуге қатысатын қызметкерлердің саны;

УН – уақыт нормасы, адам-сағатпен алғанда.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 13 қарашадағы №775 бұйрығына 2-қосымша

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды
және жаңыртуды кредиттеу қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан
Инвестициялық жобаларды іске асыру барысы туралы ақпарат

Есептік кезең 20___ жыл _____

Индексі: 1-ИЖІ
Кезеңділігі: ай сайын
Ұсынатын тұлғалар тобы: Қарыз алушы, Түпкілікті қарыз алушы, Сенім білдірілген өкіл (агент)
Қайда ұсынылады: Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері
Тапсыру мерзімі: есептік айдан кейінгі айдың 20-шы күнінен кешіктірмей

№	Жобаның атауы	ЖСҚ бойынша жобаның жалпы құны, мың теңге	Жобаны іске асыру кезеңі	ТЭН/ЖСҚ сәйкес нақты алғанда жұмыстың көлемі (іс-шаралар, құрауыштар)			жұмысты бастау мерзімі		жұмысты аяқтау мерзімі		Орындалған жұмыстардың қысқаша сипаттамасы, жұм ыстарды орындал мау себептері
				іс-шараның атауы	ЖСҚ бойынша құрауыштың атауы	Өспелі қорытындысымен нақты орындау	ҚМЖ кестесіне сәйкес жоспар	факт	ҚМЖ кестесіне сәйкес жоспар	факт	
1											

Орындаушы: _____
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) байланыс телефоны

Басшы:_____
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) байланыс телефоны
Мөр орны

Ескерту: Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанның қосымшасында көрсетілген.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме
«Инвестициялық жобаларды іске асыру барысы туралы ақпарат»

1. «Инвестициялық жобаларды іске асыру барысы туралы ақпарат» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны (бұдан әрі -Нысан) «Нұрлы жол» Инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру барысы туралы сапалы ақпаратты ұсыну мақсатында әзірленеді.

2. Нысан мынадай үлгіде толтырылады:

«№» 1-бағанында нөмір тәртіппен көрсетіледі. Келесі ақпарат ретімен нөмірленуі керек;

«Жобаның атауы» 2-бағанында жобалау-сметалық құжаттамаға мемлекеттік/ведомствадан тыс сараптамаға сәйкес жобаның атауы көрсетіледі;

«ЖСҚ бойынша жобаның жалпы құны, мың теңге» 3-бағанында жобаның жалпы құны жобалау-сметалық құжаттама бойынша (жобалық-іздестіру жұмыстарын ескере отырып) мемлекеттік/ведомствадан тыс сараптамаға сәйкес көрсетіледі;

«Жобаны іске асыру кезеңі» 4 бағанында әр жылдары жұмыстары кезеңі мемлекеттік/ведомствадан тыс сараптамаға сәйкес құжаттамаға арналған құрылыс басталғаннан бастап аяқталғанға дейін жобалау-сметалық құрылыс-монтаж көрсетіледі;

«іс-шараның атауы» 5-бағанында жоба бойынша жұмыстардың атауы жобалау-сметалық құжаттама арналған (реконструкция/салу) мемлекеттік/ведомствадан тыс сараптамаға сәйкес көрсетіледі;

«ЖСҚ бойынша құрауыштың атауы» 6-бағанында желілер мен құрылыстарды реконструкциялау/салу бойынша жоспарланған жұмыстар, атап айтқанда: жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің ұзындығы, көріздік-тазалау құрылысының саны, су тазарту қондырғылары, қазандықтар, сорғы станциялары, ірі резервуарлар, орталықтандырылған жылу пункттерінің саны, су қабылдағыш мұнаралар саны көрсетіледі;

«Өспелі қорытындысымен нақты орындау» 7-бағанында көрсетіледі, 6-бағанда көрсетілген іс жүзінде орындалған жұмыстар көрсетіледі;

«жұмысты бастау мерзімі», «ҚМЖ кестесіне сәйкес жоспар», «факт» 8-бағанында жұмысты бастаудың жоспарланған мерзімі көрсетіледі;

«жұмысты аяқтау мерзімі», «ҚМЖ кестесіне сәйкес жоспар», «факт» 9-бағанында жұмыстың іс жүзінде аяқтаудың мерзімі көрсетіледі;

«Орындалған жұмыстардың қысқаша сипаттамасы, жұмыстарды орындал мау себептері» 10-бағанында есепті айда орындалған жұмыстың көлемі, сондай-ақ сот талқылауы, мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсты қайтадан жариялау, құрылыс-монтаж жұмыстарының кестеге сәйкес сияқты проблемалық мәселелер (орын алған жағдайда) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 13 қарашадағы №775 бұйрығына 3-қосымша

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды
және жаңыртуды кредиттеу қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан
Бюджеттік кредиттің түсуі, игерілуі және өтелуі туралы ақпарат

Есептік кезең 20___ жыл _____

Индексі: 1-БКТИ
Кезеңділігі: ай сайын
Ұсынатын тұлғалар тобы: Қарыз алушы, Түпкілікті қарыз алушы, Сенім білдірілген өкіл (агент)
Қайда ұсынылады: Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері
Тапсыру мерзімі: есептік айдан кейінгі айдың 20-шы күнінен кешіктірмей

№	Жобаның атауы	Ұлттық қордан қаржыландырудың жоспарланып отырған сомасы		Бюджеттік кредит қаражатының нақты келіп түсімі		Бюджеттік кредит қаражатының нақты игерілгені		Бюджеттік кредит қаражатын өтеу				Қарыздың қалғаны		Негізгі қарыз бойынша мерзімі өткен берешек	% игерілген (өсу қорытындысымен)		Мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша үнемдеу	Ескерту
				есептелі қорытындысымен есепті ай үшін		есептелі қорытындысымен есепті ай үшін		Өтелуі тиіс		Нақты өтелгені		Есептік кезеңнің басталуы	Есептік кезеңнің аяқталуы					
		мерзімі	Сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	мерзімі	Сома (мың теңге)	мерзімі	Сома (мың теңге)	сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	Сома (мың теңге)	
1	Облыстардың атауы				-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
1	Табиғи монополиялар субъектілерінің атауы				-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
	1 - жоба																	

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме
«Бюджеттік кредиттің түсуі, игерілуі және өтелуі туралы ақпарат»

1. «Бюджеттік кредиттердің келіп түсуі, игерілуі және өтелуі туралы ақпарат» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан (бұдан әрі - нысан) «Нұрлы жол» Инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында инвестициялық жобаларды іске асыру туралы сапалы ақпаратты ұсыну қамтамасыз ету үшін әзірленген.

2. Нысан мынадай ретпен толтырылады:

«№» 1-бағанында нөмір ретпен көрсетіледі. Келесі ақпарат тәртіп бойынша нөмірленуді ұзбеуі керек;

«Жобаның атауы» 2-бағанында жобалық-сметалық құжаттамаға арналған мемлекеттік/ведомствадан тыс сараптамаға сәйкес жобаның атауы көрсетіледі;

«Ұлттық қордан қаржыландырудың жоспарланып отырған сомасы» республикалық бюджеттен бөлінген 3 бағанында жобаның сомасы көрсетіледі;

«Бюджеттік кредит қаражатының нақты келіп түсімі» 4-бағанында жобаның іске асуға бөлінген республикалық бюджеттен келіп түскен сома көрсетіледі;

«Бюджеттік кредит қаражаты ның нақты игерілгені» 5-бағанында жобаны іске асуға бөлінген республикалық бюджеттен игерілген ақша сомасы көрсетіледі;

«Бюджеттік кредит қаражатын өтеу» 6-бағанында кредиттік шарттың талаптарына сәйкес өтелуі тиіс кредит сомасы көрсетіледі;

«Қарыздың қалғаны» 7-бағанында кредиттік шарттың талаптарына сәйкес кредит бойынша берешек сомасы көрсетіледі;

«Негізгі қарыз бойынша мерзімі өткен берешек» 8-бағанында кредиттік шарттың талаптарына сәйкес кредит бойынша мерзімі өткен борыштың сомасы көрсетіледі;

«% игерілгені (өсу қорытындысымен)» 9-бағанында республикалық бюджеттен бөлінген игеру процент көрсетіледі;

«Орындалмаған сомасы (мың.теңге) (өсу қорытындысымен)» 10-бағанында республикалық бюджеттен бөлінген кредит бойынша пайдаланылмаған ақшаның сомасы көрсетіледі;

«Мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша үнемдеу» 11-бағанында құрылыс-монтаждау жұмыстары мен сатып алған материалдар сатып алуға жүргізілген конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша үнемдеу сомасы көрсетіледі;

«Ескерту» 12-бағанында жоба бойынша қосымша ақпаратпен ескерту көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 13 қарашадағы № 775 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 14 қазандағы № 665 бұйрығымен бекітілген

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-1-бабының 8-5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салудың, реконструкциялаудың және жаңыртудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Жұмыс тобы – Оператордың қорытындысының негізінде жылумен, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы инвестициялық жобаларға субсидия беру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу жөніндегі консультациялық-кеңесші орган;

2) жылумен жабдықтау жүйесі – жылу өндіру, жылу тарату және жылу тұтыну қондырғыларынан тұратын кешен;

3) жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды субсидиялау – жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуды экономикалық ынталандыру ретінде жүзеге асырылатын өтеусіз және қайтарымсыз негізде бюджеттік субсидия беру;

4) инвестициялық жоба – жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, реконструкциялау және жаңарту жөнінде іс-шаралар жүргізуге бағытталған, Қаржы институттарының және бюджеттік субсидияның қарыз қаражаты есебінен Қаржы институттарымен келісім жасасқан заңды тұлғалар іске асыратын инвестициялық жоба;

5) Қаржы институты – банктер, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және халықаралық қаржы ұйымдары;

6) ниеттестік хат – Қаржы институтының инвестициялық жобаны іске асыру қажеттігінің негіздемесімен және алдын ала қунымен жоба жөніндегі іс-шараның қысқаша сипаттамасынан тұратын кредитті беру мүмкіндігі туралы хаты;

7) Оператор – Әкімшімен немесе ол уәкілдік берген құрылымдық бөлімшемен Оператордың функциясын жүзеге асыруға шарт (келісімшарт) жасасқан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңарту және дамыту жөніндегі ұйым;

8) субсидия – жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, реконструкциялау және жаңарту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін Қаржы институттарымен келісім жасасқан заңды тұлғаға республикалық бюджеттен берілетін бюджеттен қайтарымсыз төлемдер;

9) субсидия алушы – сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсететін, жылу энергиясын өндіретін, беретін тараттай және (немесе) жабдықтайтын заңды тұлға;

10) су бұру жүйесі – сарқынды суларды жинауға, тасымалдауға, тазартуға және оны әкетуге арналған инженерлік желілер мен құрылыстар кешені;

11) сумен жабдықтау жүйесі – суды жинауға, сақтауға, дайындауға, беруге және оны тұтыну орындарына таратуға арналған инженерлік желілер мен құрылыстар кешені;

12) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы мемлекеттің әлеуметтік саясаты – халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге және өмір сүру деңгейін мен сапасын жақсартуға бағытталған шаралар мен іс-шаралардың жиынтығы;

13) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

14) ұшақты шарт - Әкімші немесе ол уәкілдік берген құрылымдық бөлімше мен Қаржы институтының және субсидия алушының арасында жасалған субсидия беру арқылы Қаржы институттарының және республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бірлесе қаржыландыруды көздейтін инвестициялық жобаны іске асыру туралы шарт.

3. Инвестициялық жобаларды іріктеу үшін Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Жұмыс тобын құрады, оның құрамына Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің құрылымдық бөлімшелерінің, мүдделі мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ Қаржы институтының өкілдері енгізіледі.

4. Бюджеттік бағдарламаның әкімшілері:

коммуналдық шаруашылық саласындағы орталық уәкілетті орган;

электр энергетика саласындағы орталық уәкілетті орган

5. Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңыртуды субсидиялау жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуды экономикалық ынталандыру ретінде мынадай қағидаттар бойынша жүзеге асырылады:

субсидия Қазақстан Республикасы Су кодексінің 135-1-бабының 2-тармағына, «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-2-бабының 2-тармағына сәйкес техникалық суйемелдеуге және субсидия алушының капитал көп жұмсалатын шығыстарына ақы төлеуге беріледі;

субсидия мерзімі өтіп кеткен қарыздық борешек бойынша есептелген және төленген пайыздарды төлеу жөніндегі шығындарды өтеуге, сондай-ақ жаңғылық капиталға қатысу мақсатында, субсидия алушының шаруашылық қызметінің шығыстарын жабуға, Оператор көрсеткен қызметке ақы төлеуге берілмейді.

6. Субсидия Қаржы институттарымен инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру шарттарында беріледі.

7. Субсидияның көлемі инвестициялық жобаның жалпы құны мен Қаржы институты беретін кредиттің арасындағы айырма ретінде белгіленеді.

Бұл ретте, субсидияның көлемі Қаржы институты беретін кредиттің сомасынан аспауға тиіс. Субсидияларды бөлу тиісті жылға республикалық бюджеттен кезделген қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.

8. Субсидияларды беру Әкімші немесе ол уәкілдік берген құрылымдық бөлімше, Қаржы институты мен субсидия алушының арасындағы ұшақты шарттың негізінде жүргізіледі, онда қарыз және субсидияларды беру және пайдалану кезінде тараптардың құқықтық қатынастары белгіленеді.

Бұл ретте, ақы төлеу қажеттілігін растайтын тиісті құжаттардың, оның ішінде орындалған жұмыстардың актілерінің, сәйкестік және сапа сертификаттарының, шот-фактуралардың және көрсетілген қызметтер, сатып алынған жабдықтар мен материалдар бойынша басқа да бухгалтерлік есептілік құжаттарының негізінде алдағы төлемдерге ақы төлеу жүргізіледі.

9. Бөлінген қаражатты тиімді және нысаналы пайдалануды қамтамасыз ету, инвестициялық жобаның тікелей көрсеткіштеріне қол жеткізу, сондай-ақ инвестициялық бағдарламаның (жобаның) іс-шараларын орындау субсидиялаудың міндетті шарты болып табылады.

10. Субсидияны алушы субсидияның қаражатын тек қана инвестициялық жоба мен ұшақты шартта көзделген мақсаттарға пайдаланады.

11. Субсидия мынадай өлшемшарттар сақталған жағдайда беріледі:

1) инвестициялық жобаның және инвестициялық жобада көзделген іс-шараларды іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі;

2) Қаржы институтының қаражаты есебінен алынған қарыз есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы;

3) есептермен және тиісті құжаттармен расталатын субсидияның экономикалық негізділігі;

4) жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, реконструкциялау және жаңарту кезінде энергия тиімділігі және ресурс үнемдеу жөнінде іс-шаралар жүргізу;

5) бірыңғай техникалық саясатты, оның ішінде технологияларды, материалдар мен жабдықтарды қолдану;

6) жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, реконструкциялау және жаңарту кезінде отандық тауар өндірушілерді тарту.

12. Субсидия беру мынадай негіздерде жүзеге асырылады:

1) Қаржы институты дайындаған инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық зерттеулеріне (бұдан әрі - ТЭЗ), субсидияны әзірлеуші дайындаған техникалық-экономикалық негіздемеге (бұдан әрі - ТЭН) және жобалау-сметалық құжаттамаға және ТЭН мен жобалау-сметалық құжатқа мемлекеттік сараптаманың қорытындысына сәйкес жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды іріктеу;

2) инвестициялық жобаға субсидия беру туралы шешім қабылдау үшін Әкімшіге ұсынылатын Оператордың қорытындысы;

3) субсидия алушының ұшақты шарттың талаптарын сақтауы;

4) субсидия алушының техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асыратын жеткізушіні және техникалық қадағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымды таңдау жөніндегі техникалық ерекшелікті (тапсырманы) Оператормен міндетті түрде келісуі. Бұл ретте, субсидия алушы конкурстық/тендерлік құжаттама бекітілгенге дейін техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асыратын жеткізушіні және техникалық қадағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымды таңдау жөніндегі техникалық ерекшелікті (тапсырманы) келісуді қамтамасыз етеді. Екі данада хатпен ресімделетін Оператормен және Қаржы институтымен келісу техникалық ерекшелікті (тапсырманы) қарау нәтижесі болып табылады;

5) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындауды талдаудың нәтижелері бойынша уәкілетті органның қорытындысы.

13. Ұшақты Шарт міндетті түрде мынадай негізгі талаптарды қамтуы тиіс:

1) берудің мақсаты;

2) субсидияның мөлшері;

3) валютасы;

4) игеру кезеңі – субсидия берілу мақсаттарына сәйкес іс-шараларды іске асыру үшін субсидия алушы субсидияны пайдалана алатын уақыт кезеңі;

5) төлемдерді жүзеге асыру тәртібі;

6) ақы төлеу мерзімдері;

7) міндеттерді сақтамағаны үшін санкциялар;

8) инвестициялық жобаның іске асырылуы мен қаржыландырылуын мониторингілеу;

9) субсидия алушының инвестициялық жобаның іске асырылуына және қаржыландырылуына мониторинг жүргізу үшін Операторға ақпарат ұсынуы.

14. Инвестициялық жобаларды іске асыру процесінде инвестициялық жобалардың іске асырылуына бақылауды және мониторингілеуді Оператор және Қаржы институты жүзеге асырады.

2-тарау. Субсидия беру тәртібі

1-параграф. Субсидия беруге алдын ала тізбе қалыптастыру

15. Оператордың инвестициялық жобалардың алдын ала тізбесін қалыптастыруы үшін Қаржы институты Әкімшіге әлеуетті субсидия алушымен келісілген берілген инвестициялық жобаның іс-шараларын қысқаша сипаттаумен және оның ішінде осы инвестициялық жобаларды іске асыру қажеттілігінің алдын ала есептелген құнын көрсете отырып кредит беру мүмкіндігі туралы ниетбілдіру хатын ұсынады.

Әкімші инвестициялық жобаларды қарау және оларды алдын ала тізбеге енгізу үшін 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Операторға ниет білдіру хатын жібереді.

Оператор жобаларды алдын ала тізбеге енгізу үшін жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 наурызына

(Соңы. Басы 17-бетте)

саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес осы Шарттың талаптарын сапалы және уақтылы қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға;

2) Тапсырыс берушімен бағаларды (тарифтерді) жоғарылатудың негізгі талаптарында белгіленген шегінде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы бойынша қызметтерге бағалардың (тарифтердің) жоғарылауын олардың қолданысқа енгізілуіне дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын келісуге;

3) Тапсырыс берушімен қозғалыс графигі мен кестесін, қалыптастыру және айналым пунктін өзгертуін олардың қолданысқа енгізілуіне дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын келісуге;

4) Қазақстан Республикасында қабылданған поездардың қозғалыс графигі мен кестесіне сәйкес жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға;

5) Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша ол белгілеген мерзімде Орындаушының қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты ақпаратты және есептілікті ұсынуға;

6) Тапсырыс берушіге Ұлттық инфрақұрылым операторымен, локомотивтік тарту операторымен, техникалық қызмет көрсету, жанармай және сумен жабдықтау, вокзал қызметтерін ұсынуы жөніндегі қызметтерді көрсететін теміржол ұйымдарымен жасалған шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін Шарт жасасқан сәттен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде ұсынуға;

7) Тапсырыс берушінің тексеріс актілерін, сондай-ақ осы Шарттың 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату бойынша интернет-ресурстарда орналастырылған ақпараттардың әзектілігін сақтамаудың фактісін ұсынған күннен бастап анықталған бұзушылықтарды жою және оған одан әрі жол бермеу бойынша күнтізбелік 10 күн ішінде шаралар қабылдауға;

8) Тапсырыс берушінің талабы бойынша жолаушыларға көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау мақсатында тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген, поездарда ақпараттық хабарландыруларды орналастыруға;

9) Тапсырыс берушімен осы Шарттың 9-тармағының 1), 2), 6) және 7) тармақшаларында, көрсетілген құжаттарды толтыру және есептеу тәртібін Шарт күшіне енген күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей келісуге;

10) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 545 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11541 болып тіркелген) сәйкес айқындалған тарифтердің негізінде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша қатынайтын басқа тасымалдаушылардың субсидияланатын вагондарын тіркеуді жүзеге асыруға міндетті.»;

«3. Өзара есеп айырысу тәртібі» деген тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өзара есеп айырысу тәртібі»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының теміржолдары учаскелері және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржолдары учаскелері бойынша өтетін ауданаралық (қаралық, облысішілік) және қала маңындағы қатынастар бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, жергілікті атқарушы органдары тасымалдары ұйымдастырған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімнің 9-5-бабына сәйкес бекітілген Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырушы байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидаларында айқындалған құжаттарды ұсынады.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Орындаушы Тапсырыс берушіге мыналарды:

1) есептік айдан кейінгі айдың 15 күніне дейінгі мерзімде дамудың негізгі талаптарын орындау барысы туралы онда көрсетілген орындау мерзімдерін ескере отырып растайтын құжаттардың қосымшасымен бірге есепті;

2) есептік жылдан кейінгі айдың 25 күніне дейінгі мерзімде Тапсырыс берушіге жолаушылар вагондарына қойылатын негізгі талаптарға сәйкес зауыт нөмірлері және қатынастар бөлінісінде Орындаушының жолаушылар вагондарымен әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын орындауын растайтын басшының қолымен және мөрімен (бар болған жағайда) расталған Ұлттық инфрақұрылым операторының құжатын ұсынады.»;

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының теміржолдары учаскелері және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржолдары учаскелері бойынша өтетін ауданаралық (қаралық, облысішілік) және қала маңындағы қатынастар бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары тасымалдарды ұйымдастырған жағдайда Орындаушыға осы тармақта көрсетілген талаптар қолданылмайды.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Субсидияларды кейіннен төлеуді Тапсырыс беруші жүзеге асырылған және расталған тасымалдар бойынша төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарына сәйкес ай сайын жүзеге асырады. Төленген аванстық төлемді ұстап қалу осы Шартты қолданған әрбір жылдың соңғы айында жүргізіледі.»;

«4. Форс-мажорлық жағдайлар» деген тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді:

«5. Форс-мажорлық жағдайлар»;

«5. Тараптардың жауапкершілігі» деген тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Тараптардың жауапкершілігі»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен толықтырылсын:

«6-1. Осы Шартқа және жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату бойынша интернет-ресурстарда орналастырылған ақпараттардың әзектілігіне сәйкестік нысанында зерттеп-қарауды жүргізу.

26-1. Тапсырыс беруші Орындаушыны Шарттың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген поездарды зерттеп-қарауды жүргізу туралы кемінде 3 жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

26-2. Шарттың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тасымалдардың негізгі талаптарында көрсетілген поездарды зерттеп-қарауды жүргізу үшін Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады. Комиссия құрамын Тапсырыс берушінің бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда оның міндеттерін атқаратын адам бекітеді.

26-3. Осы Шартқа сәйкестікке зерттеп-қарауды (бұдан әрі – зерттеп-қарау) мыналардың: жолаушыларды отырғызу мен түсіруді қамтамасыз етудің негізгі талаптарының, жолаушылар тасымалдарын дамытудың негізгі талаптарының және жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату бойынша интернет-ресурстарда орналастырылған ақпараттың әзектілігінің орындалуын айқындау жолымен Комиссия мүшелері жүргізеді.

26-4. Орындаушы осы зерттеп-қарауды ұйымдастыру, атап айтқанда, қажетті құжаттамаларды дайындау, зерттеп-қарауға қатысу, қажет болған кезде зерттеп-қарау кестесін келісу үшін қажетті шараларды қабылдайды.

26-5. Жолаушылар поезын зерттеп-қараудың мерзімділігі жарты жылда кемінде екі рет жүзеге асырылады.

26-6. Зерттеп-қарау жолаушылар поездарының барлық құрамы бойынша, қалыптастыру/айналым пункттарында, станцияларда және жүру жолында жүргізіледі.

26-7. Жолаушылар поездарын зерттеп-қарауды бастаудың алдында Комиссия мүшелері қызметтік жүктеуі және тиісті бұйрықты көрсетеді.

26-8. Жолаушылар поездарын зерттеу-қарау нәтижелері бойынша Комиссия мүшелері осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 9-қосымшасына сәйкес Зерттеп-қарау актісі жасайды. Қажет болған жағдайда зерттеп-қарау актісіне олар бар болған жағдайда зерттеп-қарау нәтижелерімен байланысты растайтын құжаттар қоса беріледі.

Зерттеп-қарау нәтижелері бойынша Орындаушы ескертулер және (немесе) қарсылықтары болған жағдайда, оны жазбаша түрде жазады. Ескертулер және (немесе) қарсылықтары зерттеп-қарау актісіне қоса беріледі, ол туралы тиісті ескерту болады.

26-9. Зерттеп-қарау актісі екі данада жасалады. Зерттеп-қарау актісінің бір данасы Тапсырыс берушіде қалады, екінші данасы Орындаушыға беріледі.

26-10. Тапсырыс беруші жолаушылар поездарына зерттеп-қарауды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Орындаушының құқықтары мен заңды мүдделерін сақтайды және осы Шарттың тарауына сәйкес зерттеп-қарауды жүргізеді.

26-11. Орындаушы жолаушылар поездарын зерттеп-қарауды жүргізу кезінде зерттеп-қаралатын жолаушылар поездарының құрамында бар барлық типтегі жолаушылар вагондарына Комиссия мүшелеріне кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз етеді және Комиссия мүшелеріне зерттеп-қарау мәселелерімен байланысты құжаттарды (мәліметтерді) қағаз тасығыштарда қажет болған жағдайда тиісті зерттеп-қарауды жүргізу күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде олардың көшірмелерін зерттеп-қарау актісіне қоса тіркеу үшін ұсынады.

26-12. Зерттеп-қарау актісін жасағаннан кейін Комиссия мүшелері оған қол қояды, әрбір параққа қол қояды және Орындаушыға танысу үшін ұсынылады.

«6. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу талаптары, дауларды қарау тәртібі» деген тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу талаптары, дауларды қарау тәртібі»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Шарт Тараптардың өзара келісімі немесе егер басқа Тарап міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тараптардың бірінің талабы бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушіге төленген аванстық төлемді жолаушыларды тасымалдаудың негізгі талаптарына сәйкес орындалған тасымалдар көлемі есебінен қайтаруды жүзеге асырады.»;

«7. Тараптардың деректемелері мен қолдары» деген тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Тараптардың деректемелері мен қолдары»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Шарттың ережелері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіпте өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін, атап айтқанда тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шарттың 1-7 қосымшаларында көрсетілген талаптарды, оның ішінде қалыптастыру/ айналым пунктін, әлеуметтік маңызы бар қатынастың атауын, қашықтығы және маршрут қатынауының мерзімділігін өзгерту бойынша қайта қарауға жол беріледі.

8-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 9-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шараларды орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 16 қарашадағы №793 бұйрығына 1-қосымша

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша
жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының
шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау шартына
8-қосымша

Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушінің ұстауға жататын тұрақсыздық айыппұлдары

№	Тұрақсыздық айыппұлының туындауының негіздері	Тұрақсыздық айыппұлының көлемі
1.	Орындаушының белгіленген мерзімде Шарттың 9-тармағының барлық талаптарын орындамауы	Әрбір мерзімінен өткен күн үшін келісілген және бекітілген төлем бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес субсидиялаудың жалпы айлық сомасынан 0,1 % көлемінде
2.	Орындаушының төлем бойынша қаржыландыру жоспарын орындамауы	Әрбір мерзімінен өткен ай үшін келісілген және бекітілген төлем бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес субсидиялаудың жалпы айлық сомасынан 0,1 % көлемінде

Орындаушының Шарт бойынша міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге төленген субсидиялардың қайтарудың талаптары

№	Қайтару туындауының негіздері	Қайтару көлемі
1.	Тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген вагон айналымы көлемі және қатынау жиілігі бөлігінде Шарт талаптарын орындамауы	жыл қорытындысы бойынша орындалмаған тасымал көлеміне пропорционал
2.	Поездар, тіркемелі және тікелей қатынайтын вагондар бойынша тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген төмендемейтін айлық вагон айналамының көлемі бөлігінде Орындаушының Шарт талаптарын орындамауы	есептік айдың қорытындысы бойынша орындалмаған тасымал көлеміне пропорционал
3.	Орындаушының әрбір жылдың қорытындысы бойынша поездар, тіркемелі және тікелей қатынайтын вагондар бойынша тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген жолаушылар айналымы бөлігінде тиісті жылға вагон айналамы көлемін орындау шарты кезінде 3% артық Шарт талаптарын орындамауы	Субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген тиісті жыл және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша субсидия көлемінен 1%
4.	Орындаушының әрбір тоқсанның резервтік қорытындысы бойынша жолаушылар вагондарына қойылатын негізгі талаптарды, келесі жағдайлардан орындамауы: 1) 2 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 10 вагонға дейін; 2) 4 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 20 вагонға дейін; 3) 6 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 30 вагонға дейін; 4) 8 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 40 вагонға дейін; 5) 10 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 50 вагонға дейін; 6) 12 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 60 вагонға дейін; 7) 14 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 70 вагонға дейін; 8) 16 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 80 вагонға дейін; 9) 18 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 90 вагонға дейін; 10) 20 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 100 вагонға дейін; 11) 22 вагоннан аса – жолаушылар поездарында 100 вагонға дейін;	Субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген тиісті жыл және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша субсидия көлемінен 1% Бұл ретте, есептеу мынадай формуламен айқындалады: $N_s = N_v - \frac{N_1}{y} + \frac{N_2}{y} + \frac{N_3}{y} + \frac{N_4}{y}$ мұндағы: N_s – жолаушылар вагондарына қойылатын негізгі талаптарына сәйкес келмейтін вагондардың саны; N_v – Шарт жолаушылар вагондарына қойылатын негізгі талаптарға сәйкес вагондардың жалпы саны; $N_{1,2,3,4...}$ қатынаудың тиісті мерзімділігіне әр құрам бойынша жолаушылар вагондарына негізгі шарттарына сәйкес келетін вагондардың саны; у – қатынау күндерінің саны;
5.	Есептерді ұсыну қорытындысы бойынша дамудың негізгі талаптарындағы әрбір тармақ бойынша іс-шараларды орындамауы, онда көрсетілген мерзімдерді ескере отырып, күнтізбелік 30 күн ішінде әр тармақ бойынша орындалуы	Әр пунктқа субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген тиісті жыл және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша субсидия көлемінен 0,1% және 1 бабтың 1,2 тармақтары бойынша 5%. Теміржол жолаушылар паркі вагондарының жаңаруы
6.	Орындаушының айына тиісті маршрут бойынша, сондай-ақ зерттеп-қарау жүргізу қорытындысы бойынша отырғызу мен түсіруді қамтамасыз етудің негізгі талаптарына сәйкес орындамауы	Әрбір станция үшін субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген тиісті жыл және әлеуметтік маңызы бар қатынастар және жылдар бойынша субсидия көлемінен 0,1%
7.	Зерттеп-қарауды жүргізу қорытындысы бойынша жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату бойынша интернет-ресурстарда орналастырылған ақпараттардың әзектілігіне қойылатын талаптарын орындамаған фактісін(лерін) анықтау	Субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген тиісті жыл және әлеуметтік маңызы бар қатынастар және жылдар бойынша субсидия көлемінен 0,1%
8.	Мемлекеттік көліктік бақылау органдары тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген поездарда билетсіз тіркелмеген адамдарды (бұдан әрі - адам) тасымалдау фактісін анықтаған жағдайда	Субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген тиісті жыл және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша субсидия көлемінен: 1) Жолаушылар поездарында 10 адамға дейін – 0,1%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,01%; 2) Жолаушылар поездарында 20 адамға дейін – 0,2%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,02%; 3) Жолаушылар поездарында 30 адамға дейін – 0,3%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,03%; 4) Жолаушылар поездарында 40 адамға дейін – 0,4%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,04%; 5) Жолаушылар поездарында 40 адамнан астам – 1%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,5%.
9.	Мемлекеттік көліктік бақылау органдары Орындаушының Шарт бойынша міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге төленген субсидиялардың қайтарудың талаптарының 7-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген поездарда қозғалыс қауіпсіздігіне Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау қауіп төндірмейтін қағидаларын бұзу (бұдан әрі – бұзушылық) фактілерін анықтаған жағдайда	Субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген тиісті әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша субсидия көлемінен: 1) жолаушылар поездарында 10-нан бастап бұзушылық – 0,1%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,01%; 2) жолаушылар поездарында 20-дан бастап бұзушылық – 0,2%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,02%; 3) жолаушылар поездарында 30-дан бастап бұзушылық – 0,3%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,03%; 4) жолаушылар поездарында 40-тан бастап бұзушылық – 0,4%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,04%; 5) жолаушылар поездарында 50-ден астам бұзушылық – 1%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,5%.
10.	Тапсырыс беруші зерттеп-қарау қорытындысы бойынша Шарттың 4-тармағының 1) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес келмеу фактісін анықтаған жағдайда	Субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген сәйкес келетін жыл және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша субсидия көлемінен: 1) жолаушылар поездарында 10-нан бастап бұзушылық – 0,1%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,01%; 2) жолаушылар поездарында 20-дан бастап бұзушылық – 0,2%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,02%; 3) жолаушылар поездарында 30-дан бастап бұзушылық – 0,3%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,03%; 4) жолаушылар поездарында 40-тан бастап бұзушылық – 0,4%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,04%; 5) жолаушылар поездарында 50-ден астам бұзушылық – 1%, электрлік секциялар мен дизельдік поездарда – 0,5%.
11.	Орындаушының Шарттың 7-тармағының 2), 3), 5), 6), 8), 9),10) тармақшаларын орындамауы	Жойғанға дейін әрбір күнтізбелік 10 күн үшін субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген жыл және тиісті әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша субсидия көлемінен 0,001%
12.	Орындаушының Шарттың 7-тармағының 4) тармақшасын орындамауы	Орындаушының кінәсі бойынша жыл қорытындысы бойынша екінші сағаттың бірінші минутынан бастап поездардың әрбір 1 сағат сайын кешігуіне субсидиялаудың негізгі талаптарында көрсетілген әлеуметтік маңызы бар қатынастар және жылдар бойынша субсидия көлемінен 0,001%

Осы қосымша Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау туралы 20___жылғы «__» _____№_____ шартқа ажырамас бөлігі болып табылады.

«Тапсырыс беруші»	«Орындаушы»
_____ (толық атауы)	_____ (толық атауы)
_____ (мекенжайы)	_____ (мекенжайы)
_____ (деректемелері)	_____ (деректемелері)
_____ (лауазымы)	_____ (лауазымы)
_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))	_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))
_____ (қолы)	_____ (қолы)
мөрдің орны(бар болған жағдайда)	мөрдің орны(бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 16 қарашадағы №793 бұйрығына 2-қосымша

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау шартына 9-қосымша

нысан

20__ жылғы _____ № ___ Шарт сәйкестігіне
_____ жататын
_____ қатынасындағы
№ _____ жолаушылар поездарын
тексеру актісі
(20___ жылғы/_____/_____)

Станциялар тізбесінің сәйкестігі:
_____
_____

Жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату бойынша интернет-ресурстарда орналастырылған ақпараттардың әзектілігіне сәйкестігі:
_____
_____

Негізгі шарттарды дамытудың іс-шараларын орындау:
_____
_____

Қосымша:_____
_____
_____

Комиссия мүшелері:

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 4 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16046 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 21 қараша №797 Астана қаласы

Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өңеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық тұрғыдан орындылығы (орынсыздығы) туралы және Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық тұрғыдан орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындылардың нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 422 қаулысымен бекітілген Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларының 16-тармағының екінші бөлігіне сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өңеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық тұрғыдан орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытындының нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық тұрғыдан орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шараларды орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 21 қарашадағы №797 бұйрығына 1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өңеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық тұрғыдан орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытынды

№_____ күні_____

Өтініш берушінің атауы: _____

Өтініш берушінің мекенжайы: _____

Тауардың коды:_____

Тауардың атауы	Саны	Өлшем бірлігі

Тауарды сатып алушы: _____

Межелі ел: _____

Әкету мақсаты: _____

Негіз: _____

Химиялық құрамы*:_____

Қосымша ақпарат: _____

Транзиттеу елі: _____

Қорытындының нәтижесі**:_____

Қорытындының жарамдылық кезеңі: _____

Ескертпе:

* «Химиялық құрамы» деген жолға әкетілетін тауардың негізгі, оның ішінде құрамында зиянды қоспалар мен бағалы металдар жоғары және ең аз көрсеткіштерді қамтитын сипаттамалары мен ерекшеліктері көрсетіледі;

** «Қорытынды нәтижесі» деген жолға мынадай жазбалар енгізіледі:

«Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өңеркәсіптік алудың экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі расталады»,

мұндай жағдайда тауар экспорттың кедендік рәсімдерінде кедендік декларациялауға жатады;

«Қазақстан Республикасында ұсынылған шикізат тауарларынан бағалы металдарды өңеркәсіптік алудың экономикалық тұрғыдан орынсыздығы немесе мүмкін еместігі расталады»,

мұндай жағдайда тауар экспорты кедендік рәсімдерде кедендік декларациялауға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 21 қарашадағы №797 бұйрығына 2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық тұрғыдан орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды

№_____ күні_____

Өтініш берушінің атауы: _____

Өтініш берушінің мекенжайы: _____

Тауардың коды:_____

Тауардың атауы	Саны	Өлшем бірлігі

Тауарды сатып алушы: _____

Межелі ел: _____

Әкету мақсаты: _____

Негіз: _____

Химиялық құрамы*:_____

Қосымша ақпарат: _____

Транзиттеу елі: _____

Қорытындының нәтижесі**:_____

Қорытындының жарамдылық кезеңі: _____

Ескертпе:

* «Химиялық құрамы» деген жолға әкетілетін тауардың негізгі, оның ішінде құрамында зиянды қоспалар мен бағалы металдар жоғары және ең аз көрсеткіштерді қамтитын сипаттамалары мен ерекшеліктері көрсетіледі;

** «Қорытынды нәтижесі» деген жолға мынадай жазба енгізіледі:

«Қазақстан Республикасының аумағында ұсынылған шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі расталады», мұндай жағдайда тауар кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімдерінде кедендік декларациялауға жатады.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 6 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16063 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 22 қараша №801 Астана қаласы

«Инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №1163 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Бұйырамын:

1. «Инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1163 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12967 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 8 ақпанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инновациялық гранттар берудің басым бағыттарында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Инфокоммуникациялық технологиялар, оның ішінде:

ақпараттық (кибер) қауіпсіздік саласындағы технологиялар;

электрондық өнеркәсіп технологиялары.».

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Технологиялық және инновациялық даму департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шараларды орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

«КЕЛІСІЛГЕН» **Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі** **_____ Д. Абаев** **2017 жылғы

(Соңы. Басы 18-бетте)

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Әрбір рәсімді (іс-қимылды) орындау ұзақтығын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсетумен құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) дәйектілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттар келіп түскен сәттен бастап 2 сағат ішінде электрондық өтінімді және (немесе) өтінішті тіркейді және оларды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына не оның орынбасарына қарау үшін береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оның орынбасары көрсетілетін қызметті алушының электрондық өтінімін және (немесе) өтінішін 2 сағат ішінде қарайды және оларды көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысына береді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының электрондық өтінімін және (немесе) өтінішін 2 сағат ішінде қарайды және оларды жауапты орындаушыға береді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 2 сағат ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық өтінімін және (немесе) өтінішін қарайды, олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді;

5) белгіленген талаптарға сәйкессіздіктер болған жағдайда 2 сағат ішінде бас тартуды ресімдейді және оны қол қоюға көрсетілетін қызметті берушінің басшысына не оның орынбасарына жолдайды;

6) бас тартуға негіздер болмаған жағдайда кеме билетін, кеме билетінің телнұсқасын не «Өтелген» мөртабаны бар кеме билетін ресімдейді және оны қол қоюға көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның орынбасарына:

кеме билетін беру кезінде 5 жұмыс күні ішінде;

кеме билетінің телнұсқасын беру кезінде 2 сағат ішінде;

шағын көлемді кемені мемлекеттік тіркеуден шығарған кезде 3 жұмыс күні ішінде қол қоюға жолдайды;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары 2 сағат ішінде кеме билетіне, кеме билетінің телнұсқасына, «Өтелген» мөртабаны бар кеме билетіне немесе бас тартуға қол қояды және оларды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдайды;

8) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері 4 сағат ішінде кеме билетін, кеме билетінің телнұсқасын, «Өтелген» мөртабаны бар кеме билетін немесе бас тартуды курьер арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.»;

2-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы №805 бұйрығына 1-қосымша

«Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік беру» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

Шартты белгілер:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы №805 бұйрығына 2-қосымша

«Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу және шағын көлемді кеменің ипотекасының мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттардың телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:



Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы №805 бұйрығына 3-қосымша

«Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу және кеме ипотекасының мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттардың телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы №805 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 29 мамырдағы № 673 бұйрығына 6-қосымша

«Кеменің, шағын көлемді кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Кеменің, шағын көлемді кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен үзінді немесе көшірме.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша рәсімдерді (іс-қимылдарды) бастау үшін негіз Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 556 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11369 болып тіркелген) «Кеменің, шағын көлемді кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 9-тармағына сәйкес өтінім беру болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімдердің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесі маманының өтінімді тіркеу нөмірі мен күнін белгілей отырып 2 сағат ішінде қабылдауды және тіркеуі;

2) көрсетілетін қызметті алушының өтінімін көрсетілетін қызметті беруші басшысының қарауы және 2 сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасарының қарауына беруі;

3) көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасарының қарауы және 2 сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысына беруі;

4) көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысының қарауы және 2 сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің маманына орындауға (бұдан әрі – жауапты орындаушы) беруі;

5) жауапты орындаушының өтініш түскен күннен бастап 4 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарауы және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ресімдеуі;

6. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдердің (іс-қимылдың) нәтижесі мынадай рәсімдерді (іс-қимылдарды) орындауды бастау үшін негіз болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен үзінділерді немесе көшірмелерді ресімдеу және оны растау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына беру;

2) Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен үзінділерді немесе көшірмелерді көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысымен келісу;

3) Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен үзінділерге немесе көшірмелерге көрсетілетін қызметті беруші басшысының қол қоюы;

4) Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен расталған үзінділерді немесе көшірмелерді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне беру.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысы;

4) жауапты орындаушы.

8. Әрбір рәсімді (іс-қимылды) орындау ұзақтығын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсетумен көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) дәйектілігін сипаттау:

1) кеңсе маманы тіркеу нөмірі мен күнін белгілей отырып, құжаттарды тіркейді, одан кейін 2 сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысына не орынбасарына береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды 2 сағат ішінде орынбасарына береді;

3) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары құжаттарды 2 сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысына береді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы 2 сағат ішінде жауапты орындаушыны айқындайды және құжаттарды қарауға береді;

5) жауапты орындаушы өтінім тіркелген сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде құжаттары қарайды, Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен үзіндіні немесе көшірмені ресімдейді және оны растау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 4 сағат ішінде Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен үзіндіні немесе көшірмені растайды және оны көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне береді;

7) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері 4 сағат ішінде Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен үзіндіні немесе көшірмені курьер арқылы Мемлекеттік корпорацияға береді.

4-тарау. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде ақпараттық жүйені пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік корпорацияға жүгіну тәртібін сипаттау және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуын өңдеу ұзақтығы:

1) мемлекеттік қызметті үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінеді;

2) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуын өңдеу ұзақтығы – 20 минуттан артық емес;

3) көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі: өкілеттікті растайтын құжат бойынша заңды тұлға, нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес қажетті құжаттардың тізбесі.

Мемлекеттік корпорацияда құжаттары қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электрондық кезек» тәртібімен жүзеге асырылады. Көрсетілетін қыметті алушының қалауы бойынша электрондық кезекті портал арқылы «бронь дауға» болады.

Құжаттары қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация операторы жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер қорынан (бұдан әрі - ЖТ МДҚ) деректерді көрсетілетін қызметті алушының құжаттар тұпнұсқаларымен салыстырады және тұпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеші көзделмесе, Мемлекеттік корпорация операторы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттары қабылдаған кезде Мемлекеттік корпорация операторы көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттары алғаны туралы қолхатты береді.

10. Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу процесін сипаттау, оның ұзақтығы:

көрсетілетін қызметті алушыға (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері қолхатта көрсетілген мерзімде жүзеге асырады.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимылдары реттілігін толық сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі ақпараттың жүйелерді пайдаланудың сипаттамасы осы регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығында келтірілген.

«Кеменің, шағын көлемді кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:



Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы №805 бұйрығына 5-қосымша

«Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы №805 бұйрығына 6-қосымша

«Жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелерді мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

Шартты белгілер:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы №805 бұйрығына 7-қосымша

«Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету бизнес-процесінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16076 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 22 қараша №811 Астана қаласы

«Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 246 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 246 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10848 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларында:

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік кадастр осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының техногендік минералдық түзілімдерін мемлекеттік кадастрмен есепке алу паспорттары (бұдан әрі - Паспорт) түрінде ресімделетін, жүйеленген, кезеңділігімен толықтырылатын және нақтыланатын біріздендірілген қысқаша мәліметтердің жиынтығын білдіреді.»;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Егер меншік құқығы ұйымға (жер қойнауын пайдаланушыға) тиесілі техногендік минералдық түзілімдерді қоймалау (сақтау) объектісінде меншік құқығы мемлекетке тиесілі техногендік минералдық түзілімдер орналасқан болса, ұйымдар (жер қойнауын пайдаланушылар) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бөлу балансын Төлқұжатқа қоса береді.»;

көрсетілген Қағидаларға қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Техногендік минералдық түзілімдердің
мемлекеттік кадастрын жүргізу
қағидаларына
1-қосымша»;

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов
2017 жылғы 14 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
_____ Қ. Бозымбаев
2017 жылғы 22 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы №811 бұйрығына қосымша

Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын
жүргізу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

БӨЛУ БАЛАНСЫ

Есепке алу объектісі_____
Жасаған _____
тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы қолы күні
Тексерген _____
тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы қолы күні
Ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) атауы_____

1. Есептік, статистикалық, мұрағаттық деректерді қарау нәтижесі бойынша, пропорционалды бөлу әдісімен (қажетін таңдау) техногендік минералдық түзілімдердің көлемі мен саны төмендегідей бөлінді:

1) мемлекеттің меншігінде – көлемі_____ мың $м^3$, массасы _____ мың т.;

Мемлекеттің меншігіндегі техногендік минералдық түзілімдер шекарасының бұрыштық нүктелерінің координаттары (графикалық қосымша: көрнекі масштабтағы жоспар мен қиық):

Бұрыштық нүктелердің координаттары Солтүстік ендік Шығыс бойлық гр. мин. сек. гр. мин. сек.;

Мемлекетке тиесілі техногендік минералдық түзілімдердің ауданы
_____ $км^2$;
(жазбаша жазылған сан)

2) ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) меншігінде – көлемі_____ мың $м^3$, массасы _____ мың т.;

Ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) сақтауындағы техногендік минералдық түзілімдер шекарасының бұрыштық нүктелерінің координаттары (графикалық қосымша: көрнекі масштабтағы жоспар мен қиық):

Бұрыштық нүктелердің координаттары Солтүстік ендік Шығыс бойлық гр. мин.

Техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығының туындау негіздемесі _____

Ұйымға (жер қойнауын пайдаланушыға) тиесілі техногендік минералдық түзілімдердің ауданы _____ $км^2$.
(жазбаша жазылған сан)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16217 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 14 желтоқсан №416 Астана қаласы

Тауар нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесін бекіту туралы

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 90-6-бабының 16) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Тауар нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 14 желтоқсандағы №416 бұйрығымен бекітілген

Тауар нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тауар нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 90-6-бабының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді және экономикалық шоғырлануға келісім беру бойынша өтінішхатты немесе жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарламаны қарау кезінде қолданылады.

2. Әдістеме бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ведомствосының (бұдан әрі – ведомство) экономикалық шоғырлануды бағалау тетігін айқындайды.

2-тарау. Негізгі ұғымдар

3. Әдістемеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) құзыретті орган – экономиканың тиісті саласын (аясын) басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) мәмілеге қатысушылардың тауарлары – экономикалық шоғырлануға мәміле жасасқанға дейін мәмілеге қатысушылар өткізетін және мәмілеге қатысушылар ол аяқталғаннан кейін өткізілуі жоспарланатын (жоспарлаған) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);

3) өтініш беруші – экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхат немесе жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарлама берген тұлға;

4) тауар (жұмыс, көрсетілген қызмет) өнім берушілері (сатушылар, тапсырыс берушілер) – өз қызметінің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) өткізетін нарық субъектілері, сондай-ақ тауар өндірушілерден соңғы тұтынушыларға жылжыту бойынша қызметтер көрсететін сауда және делдал ұйымдар;

5) экономикалық шоғырлануға келісім беру – ведомствоның Кодекстің 201-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген мәмілелерді жүзеге асыруға келісімі;

6) экономикалық шоғырлануға қатысушы – экономикалық шоғырлану жасаған немесе жасауға ниет білдірген жеке немесе заңды тұлға;

7) экономикалық шоғырлануға тыйым салу – ведомствоның Кодекстің 201-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салуы және (немесе) ведомствоның Кодекстің 201-бабының 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген экономикалық шоғырлану мәмілелерін жою туралы нұсқама шығаруы.

Әдістемеде пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

3-тарау. Экономикалық шоғырлануға бағалау жүргізу негіздері мен кезеңдері

4. Экономикалық шоғырлануға бағалау жүргізу негіздері ведомствоға:

1) Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші ұсынған экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттың (бұдан әрі – өтінішхат);

2) Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші ұсынған Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген экономикалық шоғырлану туралы хабарламаның (бұдан әрі – хабарлама) келіп түсуі болып табылады.

5. 40 күнтізбелік күннің ішінде (Кодекстің 205-бабының 3 және 5-тармақтарына сәйкес мерзімдерді тоқтату құқығымен) ведомствоның өтінішхатты қарау барысында экономикалық шоғырлануға бағалау жүргізуі мынандай кезеңдерді қамтиды:

1) өтінішхатқа қоса берілетін, Кодекстің 204-бабында көзделген құжаттаманың толықтығы мен анықтығын тексеру;

2) егер мәмілеге қатысушы адамдар (адамдар тобы) өзара алмастырылатын тауарларды өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырған және (немесе) бәсекелестікті шектеу белгілері болған жағдайда экономикалық шоғырлануды жасау кезінде тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу;

3) бір немесе одан көп тауар нарықтарында бәсекелестікті шектеудің пайда болуы немесе күшеюі анықталған кезде бәсекелестікті шектеу көрсеткіштерін есептеу;

4) ведомствоның экономикалық шоғырлануды бағалау нәтижелері бойынша шешім қабылдауы.

6. Ведомствоның хабарламаны қарау барысында экономикалық шоғырлануға бағалау жүргізуі мынандай кезеңдерді қамтиды:

1) Кодекстің 207-бабында көзделген, хабарламаға қоса берілетін құжаттаманың және мәліметтердің толықтығы мен анықтығын тексеру;

2) Кодекс талаптарына сәйкестігі тұрғысынан экономикалық шоғырлануды жасалғанын растайтын шартты немесе өзге де құжатты қарау;

3) бәсекелестіктің шектелуі немесе жойылуы, оның ішінде нарық субъектісінің үстем жағдайының пайда болуы немесе күшеюі арқылы шектелуі немесе жойылуы тұрғысынан экономикалық шоғырлануды қарау;

4) Кодекстің 209-бабына сәйкес ведомствоның жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарлама бойынша шешім қабылдауы.

7. Экономикалық шоғырлануды бағалау кезінде ақпарат ретінде қажеттілігіне қарай:

1) экономикалық шоғырлануға қатысушылардан;

2) тұтынушылар пікірлерімі барысында;

3) мемлекеттік статистикалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан;

4) құзыретті мемлекеттік органдардан;

5) экономикалық шоғырландыруға қатысушылармен ұқсас немесе өзара алмастырылатын тауарларды өндіруді, өткізуді, экспорттауды немесе Қазақстан Республикасына импорттауды жүзеге асыратын нарық субъектілерінен;

6) ведомствоның өз зерттеулері барысында;

7) қауымдастықтардан, қоғамдық бірлестіктерден, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан алынған мәліметтер;

8) нарық субъектілеріне, азаматтарға, қоғамдық ұйымдарға жүргізілген маркетингтік, әлеуметтанушылық зерттеулердің, іріктелген пікірлерімдер мен сауалнамалардың деректері пайдаланылады.

4-тарау. Экономикалық шоғырлану жасалған кезде тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу

8. Егер экономикалық шоғырлануға қатысушылар тауарлары ішінде ұқсас немесе өзара алмаст

(Соңы. Басы 19-бетте)

_____
(шығыс септігінде)
(толық атауы және (немесе) көрсетілетін
қызметті алушының аты, әкесінің аты
(болған жағдайда), тегі, БСН және
(немесе) ЖСН (болған жағдайда)

Жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 200-бабының 1-тармағына сәйкес

_____
(мәмілеге қатысушылардың атауы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі

жасалған (жоспарланған) экономикалық шоғырлану туралы хабардар етемін, ол мыналарға негізделеді:

нарық субъектісінің (оның ішінде сенімгерлік басқаруға арналған шарттың, бірлескен қызмет туралы келісімнің, комиссия шартының негізінде) кәсіпкерлік қызметті жүргізген кезде басқа нарық субъектісіне орындалуы міндетті нұсқамалар беруге не оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды сатып алу	☐
аталған субъектілерде көрсетілген жеке тұлғалар өздерінің кәсіпкерлік қызметін жүргізу жағдайлар анықтаған жағдайда, екі және одан көп нарық субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне, бақылау кеңестеріне немесе басқа басқару органдарына бір жеке тұлғалардың қатысуы	☐

Мәміленің, іс-қимылдың сипаттамасы

_____

_____

Өтініш беруші туралы мәліметтер:
Атауы/аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі

_____

БСН/ЖСН ☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

Ұсынылған құжаттар нөмірленіп, тігілген (электрондық жеткізгіштері қосымша беріледі).
Қоса беріліп отырған құжаттар мен мәліметтердің толықтығы мен анықтығын растаймын.
Ақпараттық жүйеде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшының немесе оны алмастыратын
тұлғаның қолтаңбасы _____ Мөр орны

Өтінішхат берілген күн _____

Өкілдің байланыс мәліметтері _____

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16161 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 27 желтоқсан №430 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Бұйырамын:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 69 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9926 болып тіркелген, 2014 жылғы 26 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

1) «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 637 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бұйрықтарына енгізілген отырған өзгерістер мен толықтыру тізімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12158 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) 2-тармағы.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Адами ресурстармен жұмыс департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялануын;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 22 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16260 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 28 желтоқсан №431 Астана қаласы

Республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шаралары шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеңің 16-тармағының 141-2) тармақшасына сәйкес, **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шаралары шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінді көшірмесінің баспа және электрондық түрдегі бір данасын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
_____Б. Сұлтанов
2017 жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 28 желтоқсандағы №431 бұйрығымен бекітілді

Республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шаралары шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шаралары шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шаралары шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау мақсатында әзірленді.

2. Осы Әдістемеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) көрсетілетін қызмет – бұл республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде көрсетілетін қызмет (консалтингтік көрсетілетін қызметтер, оқыту қызметтері, біліктілікті арттыру, іскерлік байланыстар орнату) іске асырылады және тұтынылады;

2) оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде қызмет көрсету процесін ұйлестіруді қамтамасыз ететін ұйым;

3) операторлық шығыстар – қызмет көрсету процесін ұйлестіруді қамтамасыз ету үшін қажетті оперативтік шығыстары.

3. Көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік өтінімді қалыптастыру кезінде есепке алынады.

2-тарау. Республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шаралары шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау

4. Көрсетілетін қызметтердің құны мына формула бойынша айқындалады:

$$Pq = \frac{S}{Q1 * T1 + Q2 * T2 + Qn * Tn} + Tq,$$

мұнда:

P – көрсетілетін қызмет құны;

S – қызметтердің барлық түрлерін көрсетуге жұмсалған шығыстар сомасы;

n – көрсетілетін қызмет түрі;

Q – көрсетілетін қызметтердің саны;

T – көрсетілетін қызметтің еңбек сыйымдылығы.

5. Көрсетілетін қызметтердің санына (Q) және көрсетілетін қызметтің еңбек сыйымдылығына (T) қажеттілікті оператордың ұсынысы бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі айқындайды.

6. Қызмет көрсету шығыстарының (S) сомасын айқындау үшін оператор:

1) оператордың қызметтерді көрсету үшін бөгде ұйымдарды және жеке тұлғаларды тартуын;

2) жалдау ақысын;

3) коммуналдық қызметтерді;

4) материалдарды сатып алуды;

5) жұмыскерлерге еңбекақы төлеуді;

6) іссапар шығыстарын;

7) байланыс қызметтерін;

8) ғимараттарды, үй-жайларды күтіп ұстауды, оларға қызмет көрсетуді;

9) банктік қызметтерді;

10) амортизациялық аударымдарды;

11) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді;

12) өзге де шығыстарды қамтитын шығыстар баптары сметасын жасайды.

7. Бөгде ұйымдарды және жеке тұлғаларды тарту шығыстары қосалқы мердігерлікке жұмсалатын шығыстарды және қайтарымды қызмет көрсету шарттары бойынша тартылатын жеке тұлғалар қызметтерінің төлемін көздейді.

Оператор ұйымды конкурстық (тендерлік) негізде айқындалады.

Қайтарымды қызмет көрсету шарттары бойынша тартылатын жеке тұлғалардың санын, яғни, тиісінше шығыстардың сомасын айқындау кезінде мыналар: көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілік, көрсетілетін қызметтің еңбек сыйымдылығы, Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарының талаптары, мемлекеттік органдардың ұсыныстары ескеріледі.

8. Жалдау ақысы бойынша қызмет көрсету үшін үй-жайларды жалдау бойынша шығыстар көрсетіледі.

9. Коммуналдық көрсетілетін қызметтер электр энергиясына, жылуға, сумен жабдықтауға, су бұруға және газға жұмсалатын шығыстарды қамтиды.

10. Материалдарды сатып алу күнін айқындау кезінде кеңсе және шығыс материалдарды сатып алу шығыстары ескеріледі.

11. Оператор жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу еңбекақы төлеуді, әлеуметтік салықты «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымдарды, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдарын көздейді.

Бұл ретте іс-шараларды іске асыруға тартылған оператор жұмыскерлерінің еңбекақысын есептеу бюджеттік қаражат есебінен жасалған шартқа сәйкес қаражат көлеміне пропорционалды жүзеге асырылады.

12. Іссапар шығыстары ел ішіндегі, сол сияқты Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығатын іссапарлар бойынша шығыстарды қамтиды.

13. Байланыс қызметтеріне пошта байланысы, интернет, телефония (ұялы байланыс қызметтерін қоспағанда) бойынша шығыстар жатады.

Іс-шараларды іске асыруға тартылған жұмыскерлердің операторлық шығыстарының есептеулері бюджет қаражаты есебінен жасалған шарттарға сәйкес әкімшілендірілетін сомалардың көлеміне пропорционалды жүзеге асырылады.

14. Ғимараттарды, үй-жайларды күтіп ұстау, қызмет көрсету ғимараттарды күтіп ұстау, қызмет көрсету, ғимараттар мен үй-жайларды ағымдағы жөндеу, есептеу техникасын және басқа да негізгі құралдарды ұстау, техникалық қызмет көрсету, жабдықтар мен басқа да негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу шығыстарын көздейді.

15. Өзге шығыстар көрсетілетін қызметті орындаумен байланысты өзге де негізделген шығыстарды қамтиды.

3-тарау. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы базасында шағын және орта бизнестің топ-менеджментін оқыту бойынша білім беру қызметінің құнын есептеу

16. Көрсетілетін қызмет құнын қалыптастыру ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шығындарды толық өтеуге негізделген, бұл ретте баға жүзеге асыруға жұмсалған ресурстар құнының негізінде қалыптасады.

17. Көрсетілетін қызмет құнын есептеу кезінде мыналар:

1) Бағдарлама (N) бойынша білім алушылардың жоспарланған жалпы саны;

2) оқу күндерінің жоспарланған жалпы саны (n) ескеріледі.

18. Көрсетілетін қызмет (P) құнын есептеу кезінде олардың экономикалық мазмұнына сәйкес мынадай іріленділіргін элементтер – (F) бекітілген және айнымалылар (V1 және V2), сондай-ақ әкімшілік шығыстар (A) мен салықтарды төлеуге арналған шығыстар (L) бойынша топтастырылған шығындар ескеріледі:

$$P = (F + V1 + V2) + A + L,$$

мұнда:

F – бекітілген шығыстар;

V1 – оқыту күндерінің санына байланысты айнымалы шығыстар;

V2 – бағдарлама бойынша білім алушылар санына байланысты айнымалы шығыстар;

A – жалпы шығындар сомасының 15%-нан аспайтын әкімшілік шығыстар;

L – салықтарды төлеуге арналған шығыстар, оның ішінде ҚҚС.

19. Бекітілген шығыстарға бағдарламаға қатысушылардың санына және/немесе білім алушы топтардың санына байланысты емес шығындар жатады.

Бекітілген шығыстар сомасы төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$F = (B * r) + C + D,$$

мұнда:

B – шетелдік әріптестің көрсететін қызметінің шетелдегі валютадағы құны;

r – республикалық бюджетті жасау кезінде есептеу бағамы ретінде қолданылатын шетелдік валютаның айырбас бағамы;

C – бағдарламаны басқару шығыстары;

D – амортизациялық шығыстар.

20. Айнымалы шығыстарға бағдарламаға қатысушылардың жалпы санына және/немесе оқыту күндерінің жалпы санына байланысты шығындар жатады. Айнымалы шығыстардың сомасы төменде келтірілген формула бойынша есептеледі:

$$V1 = E + O + G$$

$$V2 = H + I,$$

мұнда:

E – есептеу n * (техникалық қолдаудың көрсетілетін қызметтер тарифі) формуласы бойынша жүргізілетін оқытуды техникалық қолдауға көрсетілетін қызметтер құны;

O – есептеу n * (пайдалану қызметтерінің тарифі) формуласы бойынша жүргізілетін оқытуды ұйымдастыруға тартылған аудандарға қызмет көрсетуге арналған пайдалану шығыстары;

G – есептеу n * 2 * (аудармашы көрсететін қызметтердің 1 күнгі құны) формуласы бойынша жүргізілетін оқыту кезіндегі ілеспе аудармаға арналған шығыстар;

H – есептеу (N + 2 оқытушы) * 3 * (1 адамға келетін тамақтану құны) формуласы бойынша жүргізілетін оқыту кезінде қатысушылар мен оқытушыларды тамақтандыруға арналған шығыстар;

I – есептеу N * (үлестіру материалдарының 1 жиынтығының құны) формуласы бойынша жүргізілетін үлестіру материалдарының құны.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16221 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 28 желтоқсан №437 Астана қаласы

«Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның бір қатар әдістемелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 20 қаңтардағы № 13-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Бұйырамын:

1. «Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның бір қатар әдістемелерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9302 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 20 қаңтардағы №13-НҚ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның кейбір кемістіктерін әдістемелерін бекіту туралы»;

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес бұйырамын:»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлық газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің ауыл шаруашылығын суландыру үшін сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерін) есептеу әдістемесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілерінің мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Табиғи монополиялар субъектілерінің мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің осы кемістіпейтін әдістемесі «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерине (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың Ерекше тәртібін бекіту туралы» 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялардың реттеу жөніндегі агенттігі төрағасының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген) (бұдан әрі – Ерекше тәртіп) және 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбыры салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес әзірленген (бұдан әрі – Келісім).»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тұтынушылар үшін тауарлық газды тасымалдауға тарифтер газдың әрбір 1000 текше метрі үшін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша газ құбырларының ұзындығына қарамастан техникалық мүмкіндіктері шегінде белгіленеді, Келісім аясында тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау бойынша қызметтерді көрсететін табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, оларға тұтынушылар үшін газ тасымалдауға тарифтер 100 километрге 1000 текше метрі үшін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша техникалық мүмкіндіктері шегінде белгіленеді.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы Әдістемеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

газ тасымалдау ұйымының кірісі – газ ұйымының газды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді өткізуден алған кірісі;

есепті кезең – газ тасымалдау ұйымының қызметтерине арналған тарифтерді бекітуге немесе өзгертуге өтінім беру күнінен алдыңғы қаржылық жыл;

ішкі тасымалдау – Қазақстан Республикасының аумағында тұтынуға арналған газды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі қызмет;

магистральдық газ құбыржолдары басқармасы (-лары) – газ тасымалдау ұйымының филиалдары (бұдан әрі - МГБ);

тауар-тасымалдау жұмысының көлемі – газды тасымалдау көлемінің оны тасымалдау қашықтығына көбейтіндісі ретінде айқындалатын транзиттік газды магистральдық құбыржол жүйесі арқылы тасымалдау жұмыстың көлемі;

халықаралық тасымалдау – тауарлық газды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы бір елдің аумағынан басқа елге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан басқа елдің аумағына магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметі.

Әдістемеде қолданылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және «Газ және газбен қамтамасыз ету туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі тасымалдауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет үшін пайданың жол берілетін деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$ДУП^{вн} = ДУП_{общ} \times d^{вн}_{ттр}$, мұнда:

$ДУП^{вн}$ – тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі тасымалдауды жүзеге асыру қызметі үшін пайданың (таза кірістің) жол берілетін деңгейі;

$ДУП_{общ}$ – ұйым пайдасының (таза кірісінің) жол берілетін деңгейі;

$d^{вн}_{ттр}$ – тауар тасымалдау жұмысының жалпы көлеміндегі газды ішкі тасымалдау жөніндегі тауар тасымалдау жұмысының үлес салмағы.

13. Газ тасымалдау ұйымы пайдасының (таза кірісінің) жол берілетін деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$ДУП_{общ} = РБА_{общ} \times СП$, мұнда:

$ДУП_{общ}$ – ұйым пайдасының (таза кірісінің) жол берілетін деңгейі;

$РБА_{общ}$ – тартылған активтердің реттелетін базасы;

СП – пайда мөлшерлемесі.»;

15, 16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Газ тасымалдау ұйымының тартылған активтерінің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі «Магистралдық құбыр желілерімен газ тасымалдау бойынша қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің қолданысқа енгізілген активтерінің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 29 қыркүйектегі № 286-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3922 тіркелген) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі төрағасының бұйрығына сәйкес есептеледі.

16. Магистральдық газ құбырлары арқылы газдың 1000 текше метрін ішкі тасымалдауға тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Т_{вн} = \frac{ТД^{вн}}{V_{вн}}, \text{ мұнда:}$$

$Т_{вн}$ – газдың 1000 текше метрін магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі тасымалдауға тариф;

$ТД^{вн}$ – ішкі тасымалдаудан алынған жоспарлы тарифтік кіріс;

$V_{вн}$ – газды ішкі тасымалдаудың жылдық көлемі.

17. Келісім аясында тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтерді көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін, Қазақстан Республикасының аумағында тұтыну үшін, экспорт мақсаттары үшін газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге және транзиттік газды тасымалдау жөніндегі қызметтерге есептелген бірыңғай тариф бойынша, магистральдық газ құбырлары арқылы 100 километрге газдың 1000 текше метрін тасымалдауға арналған тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Т_{общ} = \frac{ТД_{общ}}{ТТР_{общ}}, \text{ мұнда:}$$

$Т_{общ}$ – 100 километрге 1000 текше метр үшін газ тасымалдауға тарифі;

$ТД_{общ}$ – газ тасымалдау ұйымының жалпы жоспарлы тарифтік кірісі;

$ТТР_{общ}$ – магистральдық газ құбырлары арқылы газды тасымалдау жөніндегі тауар тасымалдау жұмыстарының жалпы жоспарлы жылдық көлемі.

Келісім аясында тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін 100 километрге 1000 текше метр үшін ішкі тасымалдауға тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Т_{вн} = \frac{ТД_{вн}}{ТТР_{вн}}, \text{ мұнда:}$$

$Т_{вн}$ – 1000 текше метр үшін магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі тасымалдауға тариф;

$ТД_{вн}$ – ішкі тасымалдаудан алынған жоспарлы тарифтік кіріс;

$ТТР_{вн}$ – газды магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі тасымалдау жөніндегі тауарлар тасымалдау жұмысының жоспарлы жылдық көлемі.»;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

«17-1. Газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі тауарлар тасымалдау жұмысының жалпы жоспарлы жылдық көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ТТР_{общ} = \sum_{i=1}^{n}\sum_{j=1}^{m} \frac{L_{ij} * V_{i\,общ\,вн}}{100}, \text{ мұнда:}$$

n – газ беру нүктелерінің саны;

m – газды іріктеу нүктелерінің саны;

L_{ij} – беру нүктесінен іріктеу нүктесіне дейінгі газ құбырының ұзындығы;

$V_{i\,общ}$ – магистральдық газ құбырының (L_i) учаскелері арқылы газ тасымалдаудың жылдық көлемі.

Газды магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі тасымалдау жөніндегі тауар тасымалдаудың жоспарлы жылдық көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ТТР_{вн} = \sum_{i=1}^{n}\sum_{j=1}^{m} \frac{L_{ij} * V_{i\,вн}}{100}, \text{ мұнда:}$$

n – ішкі тасымалдау үшін газ беру нүктелерінің саны;

m – ішкі тасымалдау үшін газды іріктеу нүктелерінің саны;

L_{ij} – ішкі тасымалдау үшін газ беру нүктесінен газды іріктеу нүктесіне дейінгі газ құбырының ұзындығы;

$V_{i\,вн}$ – магистральдық газ құбырының (L_i) учаскелері арқылы газды ішкі тасымалдаудың жылдық көлемі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеу әдістемесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерине тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің осы кемістіпейтін әдістемесі «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерине (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін бекіту туралы» 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының бұйрығына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ерекше тәртіп).»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Әдістеменің мақсаты үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: қызмет беруші – суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектісі;

магистральдық құбыржолы және (немесе) арна – суды бас тоғанған таратушыларға дейін тартуға (магистральдық құбыржолынан және (немесе) арнадан су пайдаланушылары топтарына суды тартуға) арналған гидротехникалық құрылыстар кешені;

тарифтік участке – шекарасында тұтынушылардың бір тобының шегінде суды беруге арналған бірыңғай тариф бекітілетін және қолданылатын магистральдық құбыржолының учаскесі.

Осы Әдістемеде қолданылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің ауыл шаруашылығын суландыру үшін сумен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеу әдістемесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілерінің ауыл шаруашылығын суландыру үшін сумен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Табиғи монополиялар субъектілерінің ауыл шаруашылығын суландыру үшін сумен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемістіпейтін әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерине (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін бекіту туралы» 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының бұйрығына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ерекше тәртіп).»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Әдістеменің мақсаты үшін мынадай негізгі ұғым пайдаланылады:

(Соңы. Басы 20-бетте)

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген бағаларды мемлекеттік реттеудің қолданылу мерзімдері аяқталған соң, Кодекстің 124-5 бабының 1-тармағында айқындалған қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері тауарларының (жұмыстарының, көрсететін қызметтерінің) бағаларын мемлекеттік реттеудің орындылығы/орынсыздығы туралы;

2) талданатын нарықты қоғамдық маңызы бар нарықтарға жатқызудың және тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізудің орындылығы туралы ұсыныс енгізіледі.

Қоғамдық маңызы бар нарықтарды талдау әдістемесіне 1-қосымша

Нысан

Жаңа субъектілердің талданатын тауар нарығына немесе қоғамдық маңызы бар нарыққа кіру/шығу тосқауылдарын бағалау

Талданатын тауар _____
Нарықтың сипаттамасы – көтерме немесе бөлшек _____

Шектеулерді балмен бағалау: бар – 0,2 балл, жоқ – 0 балл

Жолдар	Шектеулер	Балдар саны
1	Осы салымдарды өтеу мерзімі 5 жылдан көп болған кезде бастапқы күрделі салымдарды жүзеге асыру қажеттігі.	
2	Нарықтан шыққан кезде жабылуы мүмкін емес қайтарылмайтын шығындарды жүзеге асыру қажеттігі.	
3	Нарық инфрақұрылымының дамығандығының дәрежесі (көліктік шектеулер, сервистік, ақпараттық, консалтингтік, лизингтік қызметтерге қолжетімділікті шектеу).	
4	Жаңа субъектілердің ұсыныстары шектеулі және талданатын нарықта жұмыс істейтін нарық субъектілері арасында бөлінген ресурстарға қол жеткізуінің күрделілігі.	
5	Талданатын нарықта жұмыс істейтін субъектілердің өнімнің бір бірлігіне жұмсалатын шығындар, талданатын Тауардың тауарларына сұраныс, тұтынушылармен ұзақ мерзімді шарттардың болуы бойынша жаңа субъектілердің алдындағы артықшылықтары.	
6	Тауар нарығында жұмыс істейтін субъектілердің технологиялық артықшылығын білдіретін технологиялық шектеулер.	
7	Жаңа субъектілердің талданатын нарыққа кіруі үшін техникалық-технологиялық шектеулердің болуы (еркін радиожиіліктердің болмауы, технологиялық тізбектердің тұйықтығы, теміржолдардың болуы).	
8	Жаңа субъектілер үшін мұндай өндіріс көлеміне қол жеткізгенге дейін өнімнің бір бірлігіне жұмсайтын аса жоғары шығындардың болуына байланысты (өндіріс ауқымының әсері) өндірістің экономикалық тұрғыдан өзін ақтайтын ең кіші көлемін жасау қажеттігі.	
9	Талданатын нарықта сатылас ықпалдасқан субъектілердің болуы.	
10	Аралас нарықтарда үлестес субъектілердің болуы.	
11	Талданатын нарықта реттеуші шектеулердің болуы (реттелетін бағалар, ұсынымды немесе міндетті стандарттар, қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау, талданатын Тауарды әкелу-өкетуді шектеуле).	
12	Мемлекеттік органдардың талданатын нарықта жұмыс істейтін субъектілер үшін бәсекелестерге қатысты артықшылық жағдайға қоятын жеңілдіктер немесе басқа да артықшылықтар беруі.	
13	Талданатын нарық субъектілерінің ағымдағы шаруашылық қызметін жүзеге асыруын реттеу (белгіленген қағидаларды бұзғаны үшін санкциялар, қабылданатын шешімдерді бақылаушы ұйымдармен келісу, субъектілер қызметінің көлемі бойынша сандық шектеулер).	
14	Экологиялық шектеулерді белгілеу (2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде қамтылған, қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметті шектеу және оларға тыйым салу).	
15	Табиғи монополия қызметтеріне қолжетімділік алумен технологиялық тұрғыдан үздіксіз байланысты талданатын Тауарды өндіру.	
	Тосқауылдардың бойынша жиынтық баға (тосқауыл түрлері бойынша қорытынды бағалардың сомасы – экономикалық, технологиялық, әкімшілік тосқауылдар және жаңа субъектілердің талданатын нарыққа кіруін өзге де шектеулер).	

Ескертпе:

Егер балдардың сомасы 1.8-3.0 балл аралығында болатын болса, онда талданатын тауар нарығында жаңа нарық субъектілерінің кіруіне тосқауыл бар, егер 1,8 балдан төмен болса – онда тосқауылдар не еңсеріледі не олар жоқ.

Қоғамдық маңызы бар нарықтарды талдау әдістемесіне 2-қосымша

Нысан

Нарықты қоғамдық маңызы бар нарыққа жатқызуға талдау жүргізуге арналған өтініш

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы/ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің _____ облысы бойынша (облыс атауы) департаментінің басшысы

_____
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 124-6-бабының 1-тармақшасын іске асыру мақсатында_____
(жеке тұлғаның / заңды тұлғаның / мемлекеттік органның толық атауы)
_____
(заңды мекенжайы, нақты мекенжайы, телефон, электронды поштаның мекенжайы)
_____
_____негізінде
(осынның негізінде тауар нарығын қоғамдық маңызы бар нарықтарға жатқызу ұсынылатын себептердің барлық тізбесі келтіріледі)
_____
(тауар нарығының/қоғамдық маңызы бар нарықтың, нарық субъектілерінің атауы, лауазымды адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), нарық субъектілерінің орналасқан жері)

Тауар нарығын қоғамдық маңызы бар нарықтарға жатқызу мүмкіндігін қарауды сұрайды.

Хатқа өтінім берушідегі тауар нарығының субъектілері бойынша деректер қоса беріледі (қосымша)

Заңды тұлғаның/ мемлекеттік органның басшысы (оның өкілі) Хаттың күні — қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Орындаушының телефон нөмірі
Орындаушының электронды поштасының мекенжайы

Нарықты қоғамдық маңызы бар нарыққа жатқызуға талдау жүргізуге өтінішке қосымша

1. Нарық субъектісінің (субъектілерінің) қызметі туралы мәліметтер:

_____
(қоғамдық маңызы бар нарықтарға жатқызуға ұсынылатын тауар нарығы тауарының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) түрі; субъект әрекет ететін нарық түрі (көтерме немесе бөлшек); тауардың тұтынушыларға әсері; осы хатты қарау үшін субъект немесе мемлекеттік орган тұрғысынан маңызды басқа да мәліметтер)

2. Нарық субъектілері және олардың лауазымды адамдары туралы мәліметтер (соңғысы – білімі бойынша):

_____
(нарық субъектілерінің атауы, лауазымды адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың жақты сату/сатып алу пункттерінің орналасқан жері)

3. Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға өтініш жасауға себеп болған мән-жайлар (барынша толық):

_____
(тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру/сату көлемдерінің серпіні, соңғы бес жыл ішінде олардың бағаларының серпіні, ол бойынша пайда серпіні және өтініш жасаудың басқа да мән-жайлары)

4. Заңды тұлға/тұтынушы/нарықтағы бәсекелестік жағдай үшін тауар нарығын қоғамдық маңызы бар нарыққа жатқызудан болатын салдарлар:

_____
(субъектінің бағалық шешімдерді қабылдау кезінде жеделділікті арттыру, есепті материалдарды ұсынуға жұмсалатын уақыт шығындары мен қаражатты азайту, бәсекелестікті дамыту, тұтынушыдан тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалатын шығындарды азайту, басқа да салдарлар)

5. Өтініш берушінің пікірі бойынша осы өтініш бойынша оң шешім қабылдау үшін маңызды болып табылатын кез келген қосымша ақпарат

_____
(талданатын тауарды сату көлемінің қысқаруы, оларды реттеуге негізделген бағалардың өсуі, қоғамдық маңызы бар нарықтарда жаңа субъектілердің пайда болуы, технологиялық жаңғыртуды тежеу және басқалар)

6. Тауар нарығын қоғамдық маңызы бар нарықтарға жатқызудың орындылығын жанама немесе тікелей куәландыратын қоса берілетін құжаттардың тізбесі. Құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда – оларды алуға болатын адамды немесе органды көрсетіңіз:

_____
_____

Қоғамдық маңызы бар нарықтарды талдау әдістемесіне 3-қосымша

Қоғамдық маңызы бар нарықтардың жекелеген белгілерін есептеу

1. Талданатын нарықтағы баға бойынша сұраныстың икемділігін есептеу

Егер бағаның төмендеуі (артуы) сұраныстың ұлғаюына (азаюына) алып келетін болса, онда бұл сұраныс икемді деп есептеледі. Егер бағаның қол немесе өзге жаққа өзгеруі сұраныс көлемінің өзгеруіне әкеп соқтырмаса не мұндай өзгеріс маңызды емес болса, онда мұндай сұраныс икемді емес деп есептеледі.

Баға бойынша сұраныстың икемділігі (Е) нарықтың шоғырлану деңгейін бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады. Егер Е>1 болса, онда сұраныс икемді болып есептеледі, бұл нарықтың төмен шоғырландығын және оны реттеудің қажет емес екендігін айғақтайды. Егер Е<1 болса, онда сұраныс икемді емес, нарықтың шоғырлануы жоғары және нарықты реттеу қажеттігі туындайды.

Бағаның өзгеруіне тұтынушылардың сезімталдық дәрежесі сату көлемінің өзгеруін тудыратын, сату көлемінің өзгеруінің бағаның өзгеруіне қатынасын білдіретін сұраныстың бағалық икемділік коэффициенті арқылы бағаланады:

$$E = \frac{\Delta Q}{\Delta P},$$

мұнда:

ΔQ - тауарды өткізу көлемінің пайыздық өзгеруі;

ΔP - тауар бағасының пайыздық өзгеруі.

Бұл ретте:

$$\Delta Q = \frac{Q_2 - Q_1}{Q_1} \times 100\%,$$

$$\Delta P = \frac{P_2 - P_1}{P_1} \times 100\%,$$

мұнда:

Q_2 – есепті кезеңдегі тауардың өткізілу көлемі;

Q_1 – базалық кезеңдегі тауардың өткізілу көлемі;

P_2 – есепті кезеңдегі тауардың бағасы;

P_1 – базалық кезеңдегі тауардың бағасы.

Нақты тауар нарығында сұраныстың икемділігін есептеу үшін уәкілетті орган ΔQ және ΔP көрсеткіштері есептелетін кезеңді айқындайды. Тауар бағасының өзгеруі жиілігіне байланысты тоқсан, жартыжылдық, бір жыл есепті кезең болуы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде икемділікті есептеу үшін қажетті кіріс деректері көрсетілген.

Субъектінің атауы	Тауарды тұтынушыға өткізу құны, теңгемен		Тауарды өткізу көлемі, заттай мәнінде	
	1-кезең	2-кезең	1-кезең	2-кезең
А	100	110	102	111
В	95	103	115	123
С	103	112	107	114
Д	98	107	113	110

«А» тауарына сұраныстың икемділігін есептеу үшін уәкілетті органның ведомствосы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

1) 1-кезең және 2-кезең үшін «А» тауарын өткізудің жиынтық көлемі есептеледі: Q_1= 458 бірлік, Q_2= 437 бірлік;

2) Бір жыл ішіндегі өткізу көлемінің пайыздық өзгеруі былайша есептеледі:

$$\Delta Q = \frac{458 - 437}{437} \times 100\% = 4{,}8\%;$$

3) «А» тауары бағасының пайыздық өзгеруін есептеу үшін уәкілетті органның ведомствосы «А» тауарын 2015 және 2016 жылдары өткізудің орташа өлшемді бағасын есептейді. Әрбір субъектінің өткізу көлемінен «А» тауарын өткізудің жиынтық көлеміне қосатын үлесіне байланысты әрбір субъект үшін салмақтары есептеледі. Осылайша, «А» тауарын өткізудің орташа өлшемді бағасы 2016 жылға P_2 = 99 теңгені, 2015 жылға P_1 = 108 теңгені құрады. Нәтижесінде, орташа өлшемді бағаның пайыздық өзгеруі мынаны құрады:

$$\Delta P = \frac{108 - 99}{99} \times 100\% = 9{,}1\%;$$

4) «А» тауарының бағасы бойынша сұраныстың икемділік коэффициенті былайша есептеледі:

$$E = \frac{\Delta Q}{\Delta P} = \frac{4{,}8}{9{,}1} = 0{,}52 < 1.$$

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, «А» тауары сұраныстың төмен бағалық икемділігімен сипатталады, бұл тауар нарығын реттеуді енгізу өлшемшарттарының бірі болып табылады.

Баға бойынша сұраныстың икемділігін есептеу мақсатында уәкілетті орган талданатын тауар нарығы субъектілеріне төменде келтірілген нысанды жібереді.

Толтыруға арналған нысан:

№ №	Субъектінің атауы	Тауарды өткізу құны, теңгемен			Тауарды өткізу көлемі, заттай мәнде		
		1-кезең	2-кезең	n кезең	1-кезең	2-кезең	n кезең
1							
2							

2. Талданатын тауар бағаларының индексін есептеу

Талданатын тауар бағаларының индексін есептеу үшін Ласпейрес индексін пайдалану ұсынылады. Бұл индекс базистік кезеңде өткізілген талданатын тауар бағаларының қалай өзгергендігін көрсетеді. Индексті есептеу кезінде өткен кезеңде өткізілген өнімнің құны, бірақ ағымдағы кезеңнің бағаларымен, осындай тауардың санына қатысты, бірақ өткен кезең бағасымен салыстырылады. Ласпейрес индексін есептеуге арналған формула:

$$I_p = \frac{\sum p_1 q_0}{\sum p_0 q_0},$$

мұнда:

p1 – есепті кезеңнің бағалары;

p0 – базистік кезеңнің бағалары;

q0 – базистік кезеңде өткізілген тауарлардың саны.

3. Талданатын тауардың өткізілу көлемінің өсу қарқынын есептеу

$$I = (Q_1 - Q_0)/ Q_0 * 100\%,$$

мұнда:

Q_1 – талданатын тауардың ағымдағы кезеңдегі (талданатын кезең соңында) сатылу көлемі, заттай мәнде;

Q_0 – талданатын тауардың алдыңғы (базалық) кезеңдегі (талданатын кезеңнің басталуы) сатылу көлемі, заттай мәнде.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16215 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 29 желтоқсан №442 Астана қаласы

Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесін бекіту туралы

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 90-6-бабының 17) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса берілген отырған Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электронды түрдегі көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы _____ Д.Ақышев
2017жылғы ____ _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №442 бұйрығымен бекітілді

Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 90-6-бабының 17) тармақшасына сәйкес әзірленді және экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды немесе жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарламаларды қарау кезінде қолданылады.

2. Әдістеме бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ведомствосының (бұдан әрі - ведомство) қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау тетігін айқындайды.

2-тарау. Негізгі ұғымдар

3. Әдістемеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға келісім беру – ведомствоның Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген мәмілелерді жүзеге асыруға келісімі;

2) қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға тыйым салу – ведомствоның Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салуы;

3) өнім берушілер – қаржы қызметтерін көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын нарық субъектілері;

4) қаржылық көрсетілетін қызметтер – сақтандыру нарығына, бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі, банк қызметі, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң)сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізу жөніндегі ұйымдардың қызметі;

5) нұсқама - ведомствоның Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген мәмілелерді жою қажеттілігі туралы шешім шығаруы;

6) өтініш беруші – қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхат немесе қаржы нарықтарында жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарлама берген тұлға;

7) экономикалық шоғырлануға қатысушы – қаржы нарықтарында экономикалық шоғырлану жасаған немесе жасауға ниет білдірген жеке немесе заңды тұлға.

Әдістемеде пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Кодексте және Заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу саласындағы басқа да заңнамалық актілерде айқындалған.

3-тарау. Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға бағалау жүргізудің негіздері мен кезеңдері

4. Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға бағалау жүргізу негіздері ведомствоға:

1) Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші ұсынған қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттың (бұдан әрі – өтінішхат);

2) Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші ұсынған Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген қаржы нарықтарында жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарламаның (бұдан әрі – хабарлама) келіп түсуі болып табылады.

5. Өтінішхатты қарау кезінде ведомствоның күнтізбелік қырық күн ішінде (Кодекстің 205-бабының 3 және 5-тармақтарына сәйкес мерзімдерді тоқтата тұру құқығымен) қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға бағалау жүргізуі мынандай кезеңдерді қамтиды:

1) Кодекстің 204-бабында көзделген өтінішхатқа қоса берілетін құжаттар мен мәліметтердің толықтығы мен анықтығын тексеру;

2) егер мәмілеге қатысушы адамдар (тұлғалар тобы) ұқсас немесе өзара алмастырылатын қаржылық қызметтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырған және (немесе) бәсекелестікті шектеу белгілері болған жағдайда, қаржы нарықтарында экономикалық шоғырлануды жасау кезінде қаржы ұйымдарына қатысты бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу;

3) бәсекелестікті шектеу белгілері анықталған кезде, оның ішінде қаржы нарықтарында үстем жағдайдың пайда болуы немесе күшеюі кезінде қаржы нарығында бәсекелестікті шектеу көрсеткіштерін есептеу;

4) ведомствоның қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау нәтижелері бойынша шешім қабылдауы.

Бұл ретте экономикалық шоғырлануды жүзеге асыру кезінде қаржылық тұрақтылық және қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтарын қорғаумен байланысты мәмілелер жасау бәсекелестікті шектеу болып табылмайды.

6. Монополияға қарсы органға қаржы нарықтарында жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарлама келіп түскеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде ведомствоның хабарламаны қарау барысында қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға бағалау жүргізуі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) Кодекстің 207-бабында көзделген хабарламаға қоса берілетін құжаттардың және мәліметтердің толықтығы мен анықтығын тексеру;

2) қаржы нарықтарында экономикалық шоғырланудың жасалғанын растайтын шартты немесе өзге де құжатты қарау;

3) экономикалық шоғырлануды бәсекелестікті, оның ішінде қаржы нарықтарында үстем жағдайдың пайда болуы немесе күшеюі арқылы шектеу тұрғысынан қарау;

4) ведомствоның Кодекстің 209-бабына сәйкес шешім қабылдауы.

7. Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау кезінде ақпарат ретінде қажеттілігіне қарай:

1) қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға қатысушылардан;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен (бұдан әрі – ҚР ҰБ);

3) мемлекеттік статистикалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан алынған мәліметтер пайдаланылады.

4-тарау. Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды жасау кезінде қаржы ұйымдарына қатысты бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу

8. Егер мәмілеге қатысушы адамдар (тұлғалар тобы) көрсететін қаржылық қызметтері ішінде ұқсас немесе өзара алмастырылатын қаржылық қызметтер болмаған, сондай-ақ бәсекелестікті шектеу белгілері болмаған жағдайда, ведомствоның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы шешім қабылдайды және осындай шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге және ҚР ҰБ жібереді.

9. Егер мәмілеге қатысушы адамдар (тұлғалар тобы) ұқсас немесе өзара алмастырылатын қаржылық қызметтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырған және (немесе) бәсекелестікті шектеу белгілері болған жағдайда, ведомство Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 85 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 14927 болып тіркелген Қаржы ұйымдарына қатысты бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу жөніндегі әдістемеге (бұдан әрі – № 85 Әдістеме) сәйкес қаржы ұйымдарына қатысты бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізді.

10. Егер қаржы ұйымдарына қатысты бәсекелестіктің жай-күйін талдау нәтижелері бойынша тиісті қаржылық қызметтер нарығындағы үлестің көп бөлігі тиесілі ең көбі екі қаржы ұйымының жиынтық үлесі елу пайыздан аз болса, сондай-ақ бәсекелестікті шектеу белгілері болмаса, онда ведомство қаржы нарықтарында экономикалық шоғырлануды жасауға келісім береді.

11. Егер қаржы ұйымдарына қатысты бәсекелестіктің жай-күйін талдау нәтижелері бойынша қаржы нарығындағы экономикалық шоғырлануға қатысушылардың жиынтық үлесі:

тиісті қаржылық қызметтер нарығындағы үлестің көп бөлігі тиесілі ең көбі екі қаржы ұйымында елу және одан көп пайыз;

тиісті қаржылық қызметтер нарығындағы үлестің көп бөлігі тиесілі ең көбі үш қаржы ұйымында жетпіс немесе одан көп пайыз болса,

ведомство № 85 Әдістемеге сәйкес экономикалық шоғырлануды жасау кезінде бәсекелестіктің жай-күйі көрсеткіштеріне есептеу жүргізеді.

Егер экономикалық шоғырлану бәсекелестікті шектеуге алып келсе, оған тыйым салынады.

5-тарау. Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлану кезінде бәсекелестікті шектеу көрсеткіштерін есептеу

12. Бәсекелестікті шектеудің болуын, пайда болуын немесе күшеюін анықтау үшін ведомство бәсекелестікті шектеудің мынадай көрсеткіштерін пайдаланады:

1) экономикалық шоғырлану кезінде тиісті қаржылық қызметтер нарығындағы мәмілеге қатысушылардың жиынтық үлесі 50 және одан көп пайызды құрайды;

2)нарықтық шоғырлану көрсеткіштерінің өзгеруі: мәміле жасалған жағдайда тиісті қаржы нарығындағы Герфиндаль - Гиршман нарықтық шоғырлану индексі (ННІ) өзгереді:

қалыпты шоғырландырылған нарық үшін 250-ден артық мөлшерге (1000 < ННІ < 2000);

жоғары шоғырландырылған нарық үшін 100-ден артық мөлшерге (2000 <ННІ < 10000);

төмен шоғырландырылған нарықтарда нарық субъектілерінің бірігуі нәтижесіндегі нарыққа (ННІ < 1000) кері әсері екіталай;

3)экономикалық шоғырлану кезінде нарыққа кірудің ықтимал кедергілерінің туындауы.

13. Герфиндаль – Гиршман (ННІ) нарықтық шоғырлану индексі нарықта жұмыс істейтін барлық кәсіпорындары үлестері квадраттарының сомасы ретінде есептеледі және үлестер немесе пайыздармен өлшенеді:

$ННІ = S_1^2 + S_2^2 + ... + S_n^2$,

мұнда:

$S_1^2 S_2^2 ... S_n^2$,- субъектілердің нарықтағы үлестері (%);

n – нарықтағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің саны.

Герфиндаль – Гиршман нарықтық шоғырлану индексі нарықтың монополиялану дәрежесін, онда нарық субъектілерінің болуының бірқелкілігін (немесе біркелкі еместігін) алдын ала бағалауға мүмкіндік береді. Тиісті тауар нарығында өнімді әртүрлі ауқымда жеткізетін өнім берушілер неғұрлым көп болған сайын, аталған көрсеткіштердің мәні соғұрлым төмен болады.

Нарықтық шоғырлануды анықтау кезінде тиісті қаржы нарығында адамдар тобы белгіленеді. Бұл ретте, адамдар тобы бірыңғай субъекті ретінде қаралады.

14. Қаржылық қызметтер нарығына кіру кедергілеріне сапалық көрсеткіштер:

1) аталған нарықтың құрылымдық ерекшеліктері (бастапқы және ағымдағы шығындар, сұраныс көлемі, нарықтың дамығандығы, бәсекелестіктің типі);

2) мемлекеттік билік органдарының мемлекеттік реттеу процесіндегі іс-қимылы (лицензиялау, салық салу және мемлекеттік билік органдарының басқа да іс-қимылы);

3) нарығында жұмыс істеп тұрған қаржы ұйымдары тарапынан келісімдер мен іс-қимылдар жатады.

15. Қаржы нарығының құрылымдық ерекшеліктеріне және мемлекеттік билік органдарының мемлекеттік реттеу процесіндегі іс-қимылына негізделген кедергілер:

1) нарықтың сыйымдылығын шектеу, нарықта тауардың өте көп болуын, сол сияқты тұтынушының төлеу қабілетінің төмендігін көрсететін сұранысты қанағаттандырудың жоғары дәрежесі нарықты әлеуетті бәсекелестердің игеруі үшін едәуір кедергі болып табылады және жаңа қаржы ұйымдары үшін осы нарықтың тартымдылығын төмендетеді;

2) бастапқы шығындардың жоғары деңгейі – нарыққа кіру мүмкіндігінің басты шектеулерінің бірі;

3) шығындар деңгейіндегі артықшылық - жұмыс істеп тұрған қаржы ұйымдарының қаржылық қызметтерді жүзеге асыруға жұмсалған шығындары:

нарықтағы бастапқы шарттардың теңсіздігі;

нарықта жұмыс істейтін қаржы ұйымдарының әлеуетті бәсекелестер алдындағы технологиялық артықшылығы;

жарнама мен филиал желісін дамытуға жұмсалған шығындар;

ауқым әсері – егер аталған нарықта қызметтің ең жоғары тиімді ауқымы жоғары болса, онда бастапқы кезеңде нарықта жұмыс істейтін қаржы ұйымдарына қарағанда, нарыққа жаңадан кіретін қаржы ұйымдарының үлес шығындары анағұрлым жоғары болады және тиісінше бәсекеге қабілеттілігі төмен болады;

нарықта жұмыс істейтін қаржы ұйымдарының деңгейлес және сатылас интеграциясы салдарынан нарыққа жаңадан кірген қаржы ұйымдарына қарағанда төмен болады. Сатылас немесе деңгейлес құрылымдарға интеграцияланған қаржы ұйымдары жиынтық инвестициялық, қаржылық және ақпараттық ресурстарға қолжетімділік түрінде ішкі корпоративтік байланыстың барлық артықшылықтарын пайдаланады;

4) экономикалық және ұйымдық шектеулер - мемлекеттің инвестициялық, кредиттік, салықтық, бағалық, кедендік саясаты;

5) өкімшілік шектеулер, лицензияланған қаржы ұйымдары (қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін шектеулер мен қағидалар).

Тауар нарықтарымен салыстырғанда реттеуші органдар қаржылық қызметтер нарығында сұранысқа және бәсекелестер санына едәуір әсер етеді. Қаржы ұйымдарына қойылатын лицензиялық талаптар нарықтың шоғырлану деңгейі мен қатысушылар құрамына әсер ете отырып, қаржы нарықтарына кіру кедергілерін одан әрі көбейте түседі.

16. Нарыққа жаңа бәсекелестердің кіруінің алдын алу бойынша жұмыс істейтін қаржы ұйымдарының қызметіне негізделген кедергілер, оның ішінде:

1) нарықта жұмыс істейтін қаржы ұйымының жаңа бәсекелестің пайда болуына жауап ретінде қабылдайтын шаралары, мысалы пайыз мөлшерлемелері саясатындағы өзгерістер;

2) қаржы ұйымдарының бәсекелестікке қарсы келісімдері және келісілген іс-қимылдары, оның ішінде мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен іс-қимылдары;

3) мемлекеттік билік органдарында нарыққа әлеуетті бәсекелестердің кіруін шектейтін, қаржы нарығының қандай да бір секторына лицензиялау өлшемшарттарын немесе қол жеткізудің өзге де өлшемшарттарын мүдделік қолдау.

17. Аталған қаржы нарығына кіру кедергілерін анықтау процесінде талданатын факторлар тізбесі қаржы ұйымдары қызметінің негізгі түрлерінің ерекшеліктеріне және өңірдің өзгешелігіне байланысты тізбеленген тізбеден кең (немесе тар) болуы, ерекшеленуі мүмкін.

18. Қаржылық қызметтер нарығына кіру кедергілерінің еңсерілуі осындай кедергілерді еңсеру мерзімдері мен оған жұмсалған шығындар шамасы негізінде бағаланады.

Егер қаралып отырған нарыққа кіру кедергілерін еңсеру шығындары қаржылық қызметтер нарығында қызмет көрсетуді жоспарлап отырған нарықтың әлеуетті субъектісі алатын (алуды болжайтын) кірістермен (артықшылықтармен) экономикалық түрде ақталса, нарыққа кіру кедергілері еңсерілетін деп есептеледі.

19. Қаржылық қызметтер нарығына кіру кедергілерінің еңсерілу дәрежесін бағалау кезінде әрбір қаржы ұйымы үшін кедергінің әртүрлілігін, оның уақытша не тұрақты сипатын ескеру қажет.

6-тарау. Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау нәтижелері бойынша қорытындылар

20. Қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау нәтижелері бойынша ведомствоның тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қоятын қорытынды қалыптастырылады.

21. Ведомство басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қорытындыны қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы;

2) уәжді қорытынды бере отырып, қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы.

2. Монополияға қарсы органның қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға келісім беру немесе қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы шешімі монополияға қарсы органның актісімен ресімделеді және мұндай шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінішхат берген тұлғаға, сондай-ақ мәлімет үшін ҚР ҰБ жіберіледі.

Хабарламаны қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабыл

(Соңы. Басы 21-бетте)

6) ресми интернет-ресурста Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін жариялайды.

2-параграф.
Аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары

19. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін Қатысушылар құқықтық қабілеттілігі және төлем қабілеттілігі бойынша біліктілік талаптарын мынадай құжаттарды ұсыну арқылы растайды:

1) Жарғы көшірмесі;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу анықтамасының көшірмелері;

3) бірінші басшыны тағайындау туралы заңды тұлғаның тиісті органы шешімінің көшірмесі;

4) өкілге сенімхаттар (мүдделерді бірінші басшы жүзеге асырмаған жағдайда);

5) заңды тұлғаның деректемелері туралы ақпарат (банк деректемелері, мекенжайы, байланыс телефондары, электронды мекенжайы);

6) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжат.

Шетелдік заңды тұлғалар осындай құжаттарды өздері тіркелген ел заңнамасына сәйкес әр құжатқа дұрыстығы нотариалды түрде куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасын міндетті түрде қоса бере отырып ұсынады.

20. Банктік кепілдік түріндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету қаржы-есеп айырысу орталығының пайдасына шығарылған резервтік аккредитив бойынша ұсынылады.

3-параграф.
Өтінімнің мазмұны және оны беру тәртібі

21. Аукциондық сауда-саттық Ұйымдастырушының сауда жүйесінің интернет-ресурсы арқылы интернет желісін пайдалана отырып, қашықтықтан анонимді өткізіледі.

22. Аукциондық сауда-саттық бір жақты аукцион түрінде өткізіледі.

23. Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезіндегі сауда сессиясы уәкілетті орган бекіткен Графикке сәйкес жүргізіледі және 3 (үш) сағатқа созылады.

24. Сауда сессиясы ашылғанға дейін Ұйымдастырушы:

1) сауда жүйесіне белгіленген қатты іріктеуге жоспарланған көлемдері туралы ақпаратты, шекті аукциондық бағаны және уәкілетті орган бекіткен Графикке сәйкес өзге де ақпаратты енгізеді;

2) сауда жүйесіне уәкілетті органнан алынған, салынуы жоспарланған ЖЭК пайдалану объектілері үшін резервке қойылған бос жер учаскесінің болуы және электр желісіне қосу нүктелері бойынша барынша рұқсат етілген қуатты және ықтимал қосу санын көрсете отырып, энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпаратты енгізеді;

3) сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету шамалары туралы қаржы-есеп айырысу орталығынан алған ақпаратты енгізеді.

25. Сауда сессиясын өткізу рәсімі мыналарды қамтиды:

1) Ұйымдастырушының сауда сессиясын ашуы;

2) қатысушылардың сауда жүйесінде аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді беруі;

3) Ұйымдастырушының сауда сессиясын жабуы;

4) аукциондық бағаларды айқындауды қоса алғанда, аукциондық сауда-саттықтың қорытындысын шығару;

5) Ұйымдастырушының аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары тізілімін қалыптастыруы және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны өзінің интернет-ресурсында жариялауы.

26. Қатысушының аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімінде мынадай негізгі мәліметтер қамтылады:

1) Қатысушының атауы;

2) Электр энергиясының бір киловатт-сағаты үшін ҚҚС-сыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы бөлу белгісінен кейінгі белгілеу цифрларының саны екеуден аспайтын бағасы;

3) белгіленген қуат көлемі кемінде 100 кВт және 1 (бір) киловатқа еселенген;

4) ЖЭК пайдалану объектілерін салу жоспарланған жер учаскесі және электр желісіне қосу нүктесі.

Бұл ретте жер учаскесі және (немесе) электр желісіне қосылу нүктелері бар Қатысушылар электр желісіне қосылуға берілген техникалық шарттарға сай, өтінімде тиісті деректерді көрсетеді.

27. Қатысушылар сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді сауда сессиясын өткізу барысында береді, бұл ретте өтінімдерде көрсетілген бағалар тиісті шекті аукциондық бағалар шамасынан аспауға тиіс.

28. Қатысушылар сауда сессиясы барысында берген, бағалары сауда жүйесіне берілген басқа Қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерінде көрсетілген бағалармен бірдей аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер қабылданбайды.

29. Қатысушылар мыналардан:

1) уәкілетті органның аукциондық сауда-саттыққа шығарған белгіленген қуат көлемінен;

2) электр желісіне қосу нүктелері бойынша қуаттың барынша рұқсат етілген көлемінен;

3) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз ету шамасынан асатын көлем көрсетілген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді бере алмайды.

30. Қатысушылар ЖЭК пайдалану объектілерін салу жоспарланған бірнеше жер учаскелеріне және әрбір берілген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз ету шегінде бірнеше электр желісіне қосу нүктелеріне бір мезгілде өтінім беруі мүмкін.

31. Сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген Қатысушы оны аукциондық сауда-саттықтан алып тастай алмайды.

32. Қатысушылар өз қалауына қарай аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін жаңа өтінім беру арқылы бұрын берілген өтінімді өзгертеді. Бұл ретте қатысушылар жаңа өтінімде бағаны алдыңғысынан жоғары етіп көрсете алмайды, ал алдында берілген өтінімнің көлемі өзгертілмейді.

33. Сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді беру күні мен уақытын тіркеуді миллисекундке дейінгі дәлдікпен Ұйымдастырушы жүзеге асырады.

4-параграф. Аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлері және оларды енгізу мен қайтару шарттары

34. Қатысушылар өздері қабылдаған міндеттемелердің, сондай-ақ аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының туындаған міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру мақсатында көрсетілген тұлғалар осы Қағидаларда анықталған тәртіпте және шарттарда қаржылық қамтамасыз етуді енгізеді.

35. Қаржылық қамтамасыз ету ұшінші тұлғалардың талап ету құқықтарынан, сондай-ақ қатысушының және (немесе) аукциондық сауда-саттық жеңімпазының басқа міндеттемелерінен ерікті болуы тиіс.

36. Банктік кепілдеме немесе резервтік аккредитив бойынша шартты негізде төленген қаражат қаржы-есеп айырысу орталығының резервтік қорының арнайы шотына қосылады.

37. Қаржылық қамтамасыз етуді енгізу және қайтару шарттары осы параграфқа сәйкес анықталады.

38. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді өтінім берушілер ұйымдастырушыға ұсынады және ол осы Қағидаларда көзделген шарттар мен мерзімдерде аукциондық сауда-саттық жеңімпазы болып анықталған жағдайда қаржы-есеп айырысу орталығымен сатып алу шартын жасауға және сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге кепілдік болып табылады.

39. Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10662 тіркелген) Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларына сәйкес сатып алу шартының орындау талаптарын қаржылық қамтамасыз етуді сатып алу шартын жасасуға өтінім беру кезінде ұсынады.

40. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету қаржы-есеп айырысу орталығының пайдасына шығарылады және оған аукциондық сауда-саттық басталатын күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.

41. Қаржы-есеп айырысу орталығы Ұйымдастырушыға сомаларды көрсете отырып, қаржылық қамтамасыз етуі бар өтінім берушілердің тізімін аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін 2 (екі) сағат бұрын жібереді.

42. Өтінім беруші аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің SWIFT жүйесі бойынша шығарылған мына түрлерінің бірін таңдайды:

1) банк кепілдігі;

2) резервтік аккредитив.

43. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің мөлшері 1кВт белгіленген қуатқа 2000 (екі мың) теңгені аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану объектісінің белгіленген қуатына көбейту жолымен анықталады.

44.Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив түрінде өтінім берушімен енгізілген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету қатысушы қаржы-есеп айырысу орталығына жазбаша өтінішті ұсынғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мына жағдайлардың бірі туындағанда қайтарылады:

1) қатысушы аукциондық сауда-саттық қорытындысына сәйкес аукциондық сауда-саттық жеңімпазы болып табылмаса;

2) аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу шартын жасаса.

45. Өтінім беруші енгізген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық жеңімпазы сатып алу шартын жасасудан бас тартқан жағдайда ұсталады.

46. Қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық өткізген күннен бастап кемінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күнге жарамды мерзімге ресімделеді және қайтарып алуға болмайтын болып табылады;

47. Банк қаржылық қамтамасыз етуді қаржы-есеп айырысу орталығы мынадай құжаттарды ұсынған кезде орындайды (ұстайды):

1) қаржы-есеп айырысу орталығының уәкілетті тұлғасы қол қойған және қаржы-есеп айырысу орталығы мөрінің баспа таңбасымен куәландырылған борышкер тұлғаның міндеттемелерін орындамауы туралы қағаз түріндегі өтініші;

2) осы Қағидаларға сәйкес өтеу сомасы көрсетілген төлемге талап.

48. Қаржылық қамтамасыз етумен байланысты барлық банктік, соның ішінде Алушы (бенефициар) банктің комиссиялары мен шығыстарын борышкер тұлға төлейді.

49. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету ретіндегі банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив:

1) шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's бойынша «В» немесе Fitch бойынша «В-» немесе Moody'sInvestorsService бойынша «В3» төмен болмайтын немесе бас ұйымның (ҚР резидент банкі акцияларының 50% астамына ие) рейтингі Standard&Poor's бойынша «BBB» немесе Fitch бойынша «BBB» немесе Moody'sInvestorsService бойынша «Baa2» деңгейінен төмен емес Қазақстан Республикасы резидент банктерінен;

2) шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's бойынша «BBB», Fitch бойынша «BBB», Moody'sInvestorsService бойынша «Baa2» төмен емес Қазақстан Республикасының резиденттері емес банктерінен ұсынылады.

Бұл ретте, банк кепілдігі немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес банктерден резервтік аккредитив банк-резиденттердің контркепілдігімен осы тармақтың 1) тармақшасына сай кепілдеме шығару жолымен расталуы тиіс.

5-параграф. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібі

50. Сауда сессиясының барысында қатысушылар үшін мына ақпаратқа ашық болады:

1) уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат;

2) қатысушының барлық (баға, өтінімді беру уақыты) параметрлерін қамти отырып, берген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімі;

3) сатуға аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берген өтінімдердегі көрсетілген ең төменгі баға (көлемдері көрсетілмейді).

51.Ұйымдастырушы мына шарттар орындалған жағдайда бағалар есептеуін жүргізеді:

1) сатуға берілген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің белгіленген жалпы көлемі сұраныс көлемінен 150% жоғары болғанда;

2) сатуға аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер берген қатысушылардың саны кемінде үшеу болғанда.

Жоғарыдағы шарттар орындалмаған жағдайда, Ұйымдастырушы бағалар есептеуін жүргізбейді және сауда-саттықты өткізілмеді деп жариялайды.

52. Қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерінен Ұйымдастырушы онда көрсетілген бағалардың өсу ретімен қалыптастырылған сараланған тізімді жасайды.

53. Жеңімпаздардың алдын ала тізімін анықтау сауда сессиясына аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін, сараланған тізімнен мәлімделген бағалардың өсу реті бойынша сұранысты толық қанағаттандырғанға дейін бірізді іріктеу арқылы жүзеге асырылады.

54. Жеңімпаздардың алдын ала тізімінде техникалық талаптары осы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің жалпы көлемінің осы қосылу нүктесі бойынша барынша рұқсат етілген қуат мөлшерінен және/немесе ықтимал қосылулар санынан артып тұсу себебінен орындалмайтын қосылулын бір атаулы нүктесі көрсетілген бірнеше алдын ала қанағаттандырылған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер болған жағдайда, жеңімпаздардың алдын ала тізімінен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер бағалардың төмендеу ретімен, берілген қосу нүктесі бойынша барынша рұқсат етілген қуат және ықтимал қосу саны туралы шарттар орындалғанға дейін алып тасталатын болады.

55. Егер жеңімпаздардың алдын ала тізіміндегі сұранысқа ие болған соңғы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім сұраныс болса да толығымен қанағаттандырылмайтын болса, сауда-саттықты өткізген кезде келесі шарттар қолданылады:

егер сұранысқа ие болған соңғы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімінің қанағаттандырылмаған көлемі мәлімделген көлемнің 50% немесе одан жоғары пайызын құраса, онда мұндай аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім сауда-саттықтың қорытындылары бойынша толық көлемде қанағаттандырылады. Бұл ретте уәкілетті орган жариялаған белгіленген қуатты іріктеу көлемі қатысушылардың талап ету құқығы шектелмейтін шамада арттырылады;

егер сұранысқа ие болған соңғы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімінің қанағаттандырылмаған көлемі мәлімделген көлемнің 50%-нан төмен болса, онда мұндай аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім сауда-саттықтың қорытындылары бойынша толық көлемде қанағаттандырылмайды. Бұл ретте белгіленген қуатты іріктеудің мәлімделген көлемі сараланған тізімнен сұранысқа ие болған соңғы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қанағаттандырылмаған шамасына азайтылған болады.

56. Ұйымдастырушы осы Қағидалардың 54 және 55-тармақтарында көрсетілген шарттарды тексергеннен кейін аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазын (-дарын) анықтайды және оны аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімінде қосады. Бұл ретте аукциондық бағалар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша анықталады.

57. Ұйымдастырушы өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде Қатысушыларға өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы туралы электронды хабарлама жібереді. Қатысушыларға жазбаша хабарламалар келесі жұмыс күні Астана уақыты бойынша сағат 18-00 кешіктірілмей жіберіледі.

58. Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде аукциондық бағалар мен аукциондық сауда-саттық барысында іріктелген ЖЭК пайдалану объектілерінің белгіленген қуат көлемін көрсете отырып, Ұйымдастырушының веб-сайтында жарияланады.

59. Ұйымдастырушы сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей өткізілген аукциондық сауда-саттықтың өткізу тәртібі ашып көрсетілген және сауда жүйесіне берілген барлық өтінімдер тұратын толық ақпаратты көрсете отырып, аукциондық сауда-саттық қорытындысын және Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді.

60. Уәкілетті орган Ұйымдастырушыдан Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарын ЖЭК пайдалану объектілерін орналастыру жоспарына және ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізеді.

Бұл ретте аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізілген күннен кейін күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде қаржы-есеп айырысу орталығымен сату шартын жасасу үшін өтінім береді.

3-тарау.
Қорытынды ережелер

61. Аукциондық сауда-саттықты өткізу мына жағдайлар туындағанда 30 минутқа дейінгі тоқтатыла тұруы мүмкін:

1) сауда жүйесінің жұмыс істемеуіне алып келген сервер жабдығындағы техникалық ақаулар немесе электрондық жүйедегі іркіліс;

2) сауда жүйесіне қолжетімділікке кедергі туғызған Интернет желісі жабдықтарының немесе байланыс арналарының техникалық ақаулары.

62. Аукциондық сауда-саттықты өткізу тоқтатыла тұрған кезде Ұйымдастырушы шұғыл түрде Қатысушыларға қолжетімді техникалық байланыс құралдары арқылы аукциондық сауда-саттықты өткізу процесі қайта қалпына келтірілетін уақытын көрсетіп, сауда-саттықтың тоқтатыла тұруы себебі туралы хабарлайды.

63. Аукциондық сауда-саттықты өткізу мына жағдайлар туындағанда тоқтатылуы мүмкін:

1) осы Қағидалардың 61-тармағында көрсетілген техникалық ақауларды жоюға 30 минуттан артық уақыт керек болса;

2) сауда залы және (немесе) сауда жүйесінің сервер жабдығындағы электрмен жабдықтаудағы ұзақ (екі сағаттан артық) үзіліс.

64. Аукциондық сауда-саттықты осы Қағидалардың 63-тармағында көрсетілген себептер бойынша тоқтатқан жағдайда, аукциондық сауда-саттық екінші қайтара аукциондық сауда-саттықты өткізу күнінің келесі жұмыс күні өткізіледі.

65. Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу барысында туындайтын даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі

Сауда-саттық күні	Сауда-саттықты өткізу уақыты (Астана уақыты)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар тізіліміне енгізу үшін құжаттар қабылдау мерзімі	БЭЖ аймағы	ЖЭК типі	Сатып алынатын белгіленген қуат көлемі, МВт		Шекті аукциондық баға шамасы, тг/кВт	Пайдалануға енгізуді талап етілетін күн, шарттың қолданылу мерзімі	Жобаның қорғалымдық қуатының 1 кВт қуатына есебінен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз ету	Жобаның белгіленген қуатының 1 кВт қуатына есебінен шарт талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету
					шағын 0,1-ден 10 МВт дейін (0,75 МВт басталатын ЖЭС үшін)	ірілері 10 МВт және одан жоғары				

1-кесте (Резервтелген жер телімдері туралы ақпарат)

р/с №	Облыс	Аудан	Елді мекен	Жер ауданы, Га	Жер санаты

2-кесте (Электр желілеріне қосу нүктелері бойынша барынша рұқсат етілген қуат және болжамды қосу саны көрсетілген энергия беруші ұйымның электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпарат)

Электр желілік ұйым	Облыс	Аудан	ЭЖК	Қосалқы станция		Жаңа қосылулар саны бойынша шектеу	Әрбір қосылу бойынша қосылу қуаты бойынша шектеу, МВт
				Атауы, координаттары	Шиналары		

Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

20__ жылғы «__» _____ № __ аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі

р/с №	Сауда-саттық күні	Мәміле нөмірі	ЖЭК типі	Жеңімпаз атауы	Жер телімі	Қосу нүктесі	Аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)	Белгіленген қуат , кВт
1								
2								
	БАРЛЫҒЫ:							

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16240 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 25 желтоқсан №471 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

бұйырамын:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі Қ.БОЗЫМБАЕВ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №471 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 73 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10451 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларында:

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдар тұрақты негізде тиісінше электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру үшін пайдаланылатын жабдықтың, ғимараттар мен құрылыстардың жарамды күйін мынадай жұмыс кешенін ұйымдастыру және жүргізу жолымен қамтамасыз етеді:».

2. «Техникалық жаңғыртылудан кейін электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 90 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10453 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық жаңғыртылудан кейін электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу қағидаларында:

3-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) энергетикалық жабдық – электр және жылу энергиясын өндіруге, түрлендіруге, трансформациялауға және беруге арналған машиналардың, қондырғылардың, аппараттардың, электр беру желілерінің, құбырлардың және қосалқы жабдықтардың кешені.».

3. «Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларында:

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығы электр энергиясын және қуатын беру, диспетчерлендіру, реттеу және резервтеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қамтиды, электр энергиясын өндіру, беру, тұтыну ерекшеліктерине негізделеді және Заңға сәйкес белгіленген тәртіпте жұмыс істейді. Жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтерді тиісті қызметтерді көрсетуге жасалатын шарттар негізінде электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері көрсетеді және алады.».

4. «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10533 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) өңірлік деңгейдегі электр желілері – өңірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші ұйымның, не басқа желінің меншік иесі – электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілерінің теңгерімінде тұрған электр энергиясын беруге арналған шағын станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды жалғастыратын электр беру желілерінің жиынтығы;»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Электр энергиясын беру жөніндегі нақты көрсетілген қызметтер үшін қаржылық өзара есеп айырысулар табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифтер мен есептік бір ай ішінде электр энергиясының нақты теңгеріміне енгізілген, тұтынылған электр энергиясының мөлшері бойынша жүргізіледі.».

5. «Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде №29 (28757) жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларында:

2-тармақтың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.»;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.»;

22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Жеткізуші электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызмет көрсетуге шартпен белгіленген орта сағаттық қуаты электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жиынтық шамасынан төмен электр энергиясын көтерме сауда нарығына жеткізу кезінде жоспарлы, жоспардан тыс, авариялық жөндеуде немесе резервтен тыс жағдайда тұрған генерациялайтын қондырғылардың қуатын шегеріп тастағанда, электр қуатының қалған бөлігіне жеткізуші Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен теңгерімдеуші нарықта арттыруды реттеуге қатысу үшін өтінімді күн сайын қалыптастырады және береді. Аталған норма тек жылыту режимі бойынша жұмыс істейтін генерациялайтын қуат бірліктеріне қолданылмайды.

23. Жеткізуші Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен технологиялық минимумдар ведомостында көрсетілген генерациялайтын қондырғылардың технологиялық минимумының тиісті шамасына сәйкес келетін шамаға дейін теңгерімдеуші нарықта операциялық тәуліктің әрбір сағатына төмендетуді реттеуге қатысуға өтінімді күн сайын қалыптастырады және береді.».

6. «Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1) электр қондырғылары – электр энергиясын өндіруге, түрлендіруге, трансформациялауға және беруге, оны энергияның басқа түріне түрлендіруге арналған машиналардың, аппараттардың, желілер мен қосалқы құралдардың (олар орнатылған құрылыстар мен үй-жайларымен бірге) жиынтығы.».

7. «Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 248 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10957 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) техникалық электр энергиясын есепке алу кешені – деректері бойынша субъектінің жеке энергия объектілерімен және электр қондырғыларымен электр энергиясын тұтынуының бақылауы жүргізілетін электр энергиясын есепке алу жүйесі;».

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. ЭКЕАЖ электр энергиясының көтерме және теңгерімдеуші сауда нарығында өзара есеп айырысу үшін есептік кезеңде, әрі электр энергиясын өндіруде және тұтынуда оның сағаттық деректерін қалыптастыру кезінде электр энергиясын есепке алу бойынша сенімді және заңды деректерді алуға арналған негізгі құрал болып табылады. Субъектілерде ЭКЕАЖ-ның болуы Қазақстан Республикасының электр энергиясы көтерме сауда нарығына қол жеткізуі үшін шарт болып табылады.».

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Электр энерги

(Соңы. Басы 22-бетте)

5) электр энергиясының дау айтылып отырған көлеміне қатысты Сатушы мен Сатып алушы арасындағы осы көлемге қатысты дау реттелгенней кейін, 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей дау реттелгенней кейін келесі айда электр энергиясының Тараптармен келісілген көлеміне ақы төлеуге;

6) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін тоқсан сайын келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе онсыз салыстырып-тексеру жүргізуге міндетті;

7) Жаңартылатын энергия көздері объектілерінен алынатын электр энергиясын берудің есепті айынан кейінгі айдың бесіне дейін, ай сайын Сатушыға электр энергиясын шығарудың, желіге босатудың немесе электр энергиясын Қазақстан Республикасының шегінен тыс қабылдаудың нақты көлемдері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті;

4. Тараптардың жауапкершілігі

6. Шартта көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талап етуі бойынша оған мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімін өткізіп алған соманың 0,1 %-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ мерзімін өткізіп алған соманың 10 %-нан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

7. Тараптар осы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5. Дауларды шешу

8. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

9. Есепті айда берілген электр энергиясының көлемі туралы дау айтылған кезде Тараптар есепті айда берілген электр энергиясының көлеміне қатысты жазбаша қарсылықтарды Сатушы Сатып алушыдан алған кезден бастап күнтізбелік отыз күні ішінде осы дауды келіссөздер арқылы шешуге күш-жігерін салуға міндетті. Егер тараптар есепті айда берілген электр энергиясының көлемі туралы дау бойынша келісімге келе алмаса, дау сот тәртібімен түпкілікті шешуге жатады. Әрбір Тараптың осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.

10. Даулы жағдайларда ЖОҰДО беретін, Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі теңгерімі Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

11. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне және бұзылуына, сондай-ақ осы Шартқа өзге де мәселелерге байланысты барлық даулар Сатушының орналасқан жері бойынша соттың қарауына жатады.

6. Форс-мажорлық мән-жайлар

12. Егер Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажор мән-жайларының салдарынан болған болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

13. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына немесе ұқыпсыздыққа байланысты емес және күтпеген жерден болатын сипаты бар оқиға форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

14. Форс-мажорлық мән-жай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапты форс-мажорлық мән-жайдың сипатын, туындау себебін және растайтын құжаттарды ұсынып, олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

7. Шарттың қолданылу мерзімі

15. Осы Шарт ____ жылғы «__» _____ бастап күшіне енеді.

16. Осы Шарттың қолданылу мерзімі 20__ жылғы «__» _____ бастап 20___ жылғы 31 желтоқсанды қоса.

17. Осы шарт кез келген Тараптың бастамасы бойынша, осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа қосымша келісім жасасу арқылы өзгертілуі мүмкін.

18. Осы Шарт заңды күші бірдей екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

19. Осы Шарт Астана қаласында жасалды, оған екі Тарап та қол қойды және Сатушы оны 20 __ жылғы «__»_____№_____жасалған шарттар тізіліміне тіркеді.

10.Тараптардың деректемелері мен қолы

Сатушы	Сатып алушы
_____	_____
(толық атауы)	*(толық атауы)*
Заңды мекенжайы:_____	Заңды мекенжайы:_____
Нақты мекенжайы:_____	Нақты мекенжайы:_____
Тел./факс:_____	Тел./факс:_____
БСН_____	БСН_____
БСК_____	БСК_____
ЖСК_____	ЖСК _____
_____	_____
(банктің атауы)	*(банктің атауы)*
(лауазымы)	*(лауазымы)*
_____ *(тегі, аты, әкесінің аты)*	_____ *(тегі, аты, әкесінің аты)*
м.о.	м.о.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2017 жылғы 28 желтоқсандағы №480 бұйрығына 3-қосымша

Үлгілік нысан

Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын басым шартты тұтынушыларға сатуы шарты

№ _____

_____ __ _____20___ж.

шартты келісу орны

Бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын, Қазақстан Республикасы _____ мекенжайы бойынша тіркелген
(заңды мекенжайы көрсетілсін)
БСН:_____, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын
_____ атынан
(қаржы-есеп айырысу орталығының толық атауы көрсетілсін)
_____ негізінде әрекет ететін
(өкілеттіктердің туындау негізі көрсетілсін)
_____ бір тараптан
(лауазымы және Т.А.Ә. көрсетілсін)
және Қазақстан Республикасы _____ мекенжайы бойынша
(орналасқан жері көрсетілсін)
тіркелген, БСН:_____, бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын
_____ атынан
(БШТ болып табылатын ұйымның толық атауы көрсетілсін)
_____ негізінде әрекет ететін
(өкілеттіктердің туындау негізі көрсетілсін)
_____ екінші тараптан
(лауазымы және Т.А.Ә. көрсетілсін)

мыналарды:

1) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-VI Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң);

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларын (бұдан әрі – ЖЭК-ті қолдауға арналған тарифті айқындау қағидалары);

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысымен бекітілген Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын (бұдан әрі – Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидалары) назарға ала отырып, төмендегілер туралы осы электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шарт - Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың осы шарты;

2) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) жаңартылатын энергия көздерінен алынатын электр энергиясын шартты тұтынушылар (бұдан әрі - шартты тұтынушылар) – көмірді, газды, құрамында күкірт бар шикізатты, мұнай өнімдері мен ядролық отынды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар;

Қазақстан Республикасынан тысқары жерден электр энергиясын сатып алатын электр энергиясы нарығының субъектілері;

2016 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілгендерді қоспағанда, жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан асатын, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар су электр станциялары;

4) басым шартты тұтынушылар (бұдан әрі – БШТ) – жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және уәкілетті орган Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін, өндіріп шығарған электр энергиясын осы аталған тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не жасалған екіжақты шарттарға сәйкес уағдаласқан бағалар бойынша тұтынушыларға өткізетін тұлға немесе құрамына шартты тұтынушылар және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлғалар тобы;

5) берілетін электр энергиясы – Қазақстан Республикасында қолданылатын нормалар мен талаптарға сәйкес келетін жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясы;

6) коммерциялық есепке алу аспабы – электр қуатын, электр немесе жылу энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

7) күнтізбелік жыл – тиісті жылдың бірінші күні сағат 00.00-ден бастап тиісті жылдың соңғы күні сағат 24.00-ге дейін берілетін электр энергиясын іс жүзінде беретін жыл;

8) жұмыс күні – ҚЕАО үшін жұмыс күні болып табылатын күн;

9) Қазақстан Республикасының көтерме электр энергиясы нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі теңгерімі (бұдан әрі – іс жүзіндегі теңгерім) – орталықтандырылмаған және орталықтандырылған сауда нарықтарында, есепті кезең ішінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өндірілген, берілген және тұтынылған электр энергиясының көлемдерін мекенжай бойынша бөлуді белгілейтін жүйелік оператор жасаған құжат. Іс жүзіндегі теңгерім Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасында өзара есеп айырысуларды жүргізу үшін негіз болып табылады;

10) электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күн –ЖЭК электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күн;

11) Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (бұдан әрі – ЖО ҰДО) – электр энергиясын теңгерімдеу мен оның сапасын қамтамасыз етуді қоса алғанда, Қазақстанның БЭЖ жедел басқаруға және оның жұмысының сенімділігіне жауапты, Жүйелік оператордың құрылымына кіретін бөлімше;

12) жүйелік оператор – орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша жеткізуді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану дайындығында ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

13) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі ЭКЕАЖ) - электр энергиясын есепке алу деректерін өлшеуге, жинауға, өңдеуге, сақтауға және жіберуге арналған өлшеу құралдары мен аппараттық-бағдарламалық кешендер жиынтығы.

Осы Шартта пайдаланылған өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының ЖЭК-ті пайдалануды қолдау және электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың нысанасы

2. Осы Шарт бойынша ЖЭК-ті қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тариф бойынша, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын Сатушы сатады, ал Сатып алушы сатып алады.

3. Сатып алушыға сатып алуға жататын электр энергиясының көлемі Қағидаларға сәйкес есептеледі.

4. Сатып алушы электр энергиясын төмендегі ЖЭК пайдалану бойынша объектілерде өндіретін болады (ЖЭК пайдалану бойынша әрбір объект туралы ақпарат көрсетіледі):

1) атауы – _____;

2) ЖЭК пайдалану бойынша объектінің түрі (пайдаланылатын ЖЭК түріне байланысты) - _____ (күн электр станциялары үшін қосымша фотоэлектрлік модуль типі мен қолданылатын кремнийдің өндіруші-елі көрсетіледі);

3) ЖЭК пайдалану бойынша объектінің орналасатын алаңдары – кадастрлық нөмірі:– _____, жер учаскесінің жалпы ауданы – _____ гектар;

4) пайдаланылатын ЖЭК түрлері бойынша бөле отырып, ЖЭК пайдалану бойынша объектінің генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуаты (МВт);

5) ЖЭК пайдалану бойынша объектінің электр станциясының белгіленген қуатын пайдаланудың болжамды коэффициенті ___.

6) электр желісіне қосылу нүктесі - _____.

5. Сатып алушы электр энергиясын мынадай электр станцияларында (әрбір шартты тұтынушы бойынша ақпарат көрсетіледі) өндіреді:

1) атауы – _____;

2) шартты тұтынушының электр станциясының түрі - _____;

3) шартты тұтынушының генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуаты - _____ (МВт);

6. Коммерциялық есепке алу аспаптары болмаған немесе бер нүктесінде орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптары жарамсыз болған кезінде Сатып алушымен өндірген және энергия беруші ұйымның желісіне берілген электр энергиясы Тараптардың өзара есеп айырысулары кезінде ескерілмейді. Бұл ретте Сатып алушы коммерциялық есепке алу аспаптарының болмауы немесе олардың жарамсыз болуы фактілері мен кезеңі желілеріне ЖЭК пайдалану бойынша объектісі қосылған энергия беруші ұйымның тиісті актісімен растауға тиіс.

7. ЖОҰДО беретін Қазақстан Республикасының көтерме электр энергиясы нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі теңгерімі Тараптар арасында өзара есеп айырысуға арналған тұпкілікті құжат болып табылады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Сатушы:

1) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін тоқсан сайын келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе онсыз салыстыру жүргізуге;

2) көлемдерді салыстырып-тексеру актісі негізінде электр энергиясын берудің есепті айынан кейінгі айдың 20 (жиырмасы күнінен) кешіктірмей Сатып алушыға шот-фактураны жіберуге;

3) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге міндетті.

9. Сатып алушы:

1) ай сайын ЖЭК объектілерінен электр энергиясы берілген айға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын электр энергиясын шығарудың, энергия беруші ұйымдардың желісіне жіберудің болжамды көлемдері немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден қабылдау туралы ақпаратты Сатушыға беруге;

2) жыл сайын 1 қарашаға дейін электр энергиясын шығарудың, энергия беруші ұйымдардың желілеріне жіберудің энергия беруші ұйымдарға және тұтынушыларға берудің алдағы жылға арналған болжамды көлемдері туралы ақпаратты Сатушыға беруге;

3) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесіне дейін ЖЭК объектілерінен электр энергиясы берілген айға дейін электр энергиясын шығарудың, энергия беруші ұйымдардың желісіне жіберудің нақты көлемдері немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден қабылдау туралы ақпаратты Сатушыға беруге;

4) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін тоқсан сайын келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе онсыз салыстыру жүргізуге;

5) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатушыны дереу хабардар етуге;

6) Сатып алушы іске қосқан тиісті сынау басталғанға дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ЖЭК пайдалану бойынша объектінің электр қондырғыларының кешендік сынау өткізілетін күніне дейін ағымдағы жылдың аяғына дейінгі мерзімде ай сайын, электр энергиясын желіге шығарудың болжамды көлемдері туралы Сатушыны хабардар етуге;

7) тиісті шот-фактураны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сатушыны хабардар етуге және егер Сатып алушы берілген шот-фактураның дұрыстығына қарсы болса,наразылықтарын жазып, Сатушыға жазбаша өтініш беруге;

8) дау реттелгенней кейінгі келесі айда 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей электр энергиясының Тараптармен келісілген көлеміне ақы төлеуге;

9) есептік ай аяқталғанған кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей қаржы-есеп айырысу орталығы айқындаған және бекіткен ЖЭК қолдауға арналған тариф бойынша берілген электр энергиясы үшін қаржы-есеп айырысу орталығына төлеуге;

10) электр станциясының коммерциялық пайдаланылуына дейін өзінің ЖЭК пайдалану объектісінде ЭКЕАЖ-нің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. ЭКЕАЖ-нің Жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына деректерді қашықтан беру мүмкіндігі болуға тиіс;

11) осы актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған бекітілген тәртіпте ЖЭК пайдалану бойынша объектіні пайдалануға қабылдап ау актісінің көшірмесін Сатушыға ұсынуға;

12) осы шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде энергия беруші ұйым мен энергия өндіруші ұйым арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесін Сатушыға ұсынуға;

